In his works Ch.Valikhanov widely investigated the Kazakhs’ material and spiritual cultures. His following works are of the most peculiar value: «The Kazakhs’ Armament in Ancient Times and Their Fighting Armor», «About Kazakh Nomad Camps», «About the forms of the Kazakh folk oral poetry (Edyga, introduction) «Edygay», «On Moslem Religion in Steppe», «Tenkry», «Traces of Shamanism among the Kazakhs».

The ancient faiths of the Kazakhs and their traces are envisaged in the last articles. Criticizing Islam he pointed out that the Moslem religion had put out any spark of originality and self-nationality, had made an exclusively negative influence on the intellectual and spiritual development of the Kazakh people. He criticized the doctrine of the illiterate representatives of the Moslem religion. «Songs, ancient poems, struggle, femininity’s freedom and its taking part in entertainment – all these are getting out of use because of Islam» (Валиханов Ч.Ч., 1961: 389.). He always pointed out the importance of science and knowledge in the development and struggle for people’s independence. He profoundly criticized economic and socio-cultural backwardness of the Kazakh people and exposed the colonial policy of the Russian Tzar.

Ch. Valikhanov was also a gifted artist. There are many portraits, ethnographic typical exact drawings and genre paintings left there in his scientific heritage, that is an exclusively important source for the study of culture and life of the Turkic peoples. It is he that was the first professional painter of the Kazakh people...

Very likely there was no an important problem of historical, literal, religious, ethnographical character concerning the Turkic peoples that he didn't touch upon to some extent and that he didn't solve thanks to the investigations. His works made a great influence on the whole history and science of culture study and conditions of life of the Turkic peoples. He became the founder of the democratic trend in the history of Central Asia and contributed to the attachment of that region's people to progressive European culture. «He shines like the brightest star over the dome of heaven of our history having the best traits of our nation...» (УТЕНИЯЗОВ С.К., 1985. 8 августа).

All Ch. Valikhanov's creative activity, his socio-political credo was directed to the search for the way to save the Kazakh people from backwardness and fanaticism through education and attachment to European civilization. However, «he was not a supporter of blind cultural imitation. He strove to prevent his Kazakh people from losing their ethnic distinctiveness while encouraging them to rise to a higher level of social development» (B.Kumekov, S.Uteniyazov, 1990: 44).

Ch. Valikhanov was not only the first discoverer of Kashgaria and Kyrgyzia, but also of many problems of Turkic people's history. He was the founder of Cossack study in Russia. Besides, he was the first to pay attention to the works of Amedei Thierry on the history of Attila. (A.Thierry. Histoire d'Attila.. 1-2 tome. Paris.1856) And this book that made a coup in Attila study, was published exactly when Ch. Valikhanov started to thoroughly investigate the history and culture of the Turkic people. It was he who introduced this book to scientific circulation. Later in Petersburg he took part in its translation into Russian (B.Kumekov, S.Uteniyazov, 1990: 44).

Ch.Ch.Valikhanov was first of all a geographer. His investigations can be divided into 2 stages. The first one includes his journey in Dzhungaria (Semirechensk and Zaili) and Issyk-kul Lake; The second stage of his scientific research begins at the headstream of the Narin River, the main tributary of the Syrdarya. This stage of Valikhanov's journey is the most fruitful and rich in geographic discoveries.

When studying the geographic peculiarities of the explored territory Valikhanov first of all reveals the character of surface construction and peculiarities of the region's natural conditions in general. So these are his observations of the "sunny waterless steppe" of Semipalatinsk area, Arkat Hills, Dzungar Alatau range and valleys, Northern Tyan-Shan and Eastern Turkestan.

Considerable interest arouse Valikhanov's observations of Inner Tyan-Shan Relief. Geomorphological type of this region he defines as tableland and plateau-like. He marked that such type of relief to considerable extent prevails to the east of Kashgar meridian. The same opinion about Tyan-Shan orography was later expressed by an outstanding investigator of Central Asian and Kazakhstan's nature N.A.Severtsov, who repeated Valikhanov's route in Tyan-Shan.

Ch.Ch.Valikhanov on his way to Kashgaria went through the ridges of Central Tyan-Shan and crossed it almost in meridian from north to south. There he for the

There he for the first time gave full geographic description of Dzhetim Choku and Chahrohorum Mountains, The Narin, Karasai, Karakol rivers, etc. When describing river valleys he takes into consideration natural peculiarities of these districts, evaluates their natural resources, points to the great advantages of household usage and developing of these valleys.

Valikhanov in his works gives important information concerning the river-net of Dzhungar Alatau, Northern and Inner Tyan-Shyan. Along with the general characteristics of the rivers, Chokan determined the geological construction, morphology of the valleys, the character of the current, described the climate and also wildlife and vegetative world.

With the full certainty we can state that the sources of the Alatau rivers in such details and accuracy had never been described not only before Chokan Valikhanov, but, to some extent, after him. In this respect Chokan stands among the first discoverers.

Among the lakes of Central Asia and Kazakhstan Valikhanov mostly pays attention to Alakol, Balhash and Issyk-Kul. He was one of the first to give information about the regime dynamics and genesis of these rivers' basins. On his way back from Kashgar Chokan for the first time discovered Alpine Chatyr-Kol lake.

The remarkable fact is that modern geographers can pick up from Ch.Ch. Valikhanov's works the richest paleogeographical material: for instance, he points out the fact, that Alakol and Balhash lakes have recently had one common basin, which is proved by later investigations.

Interesting observations were made by Valikhanov concerning the peculiarities of geographic distribution of flora and animals. During his trip to Issyk-Kul lake he made a n original and entomological collections, sent afterwards, according to his testimony, to Drezden.

Ch.Ch. Valikhanov also owns the priority in studying the fauna of Tyan-Shan and the first scheme of vertical zones. According to the scientist's data, in the mountain zone of Dzhungar Alatau and Tyan-Shan there are mammal animals typical to mountain countries of Southern Siberia and Kyrgyz steppe. Distinguishing features between Dzhungar and Kyrgyz steppe faunas he finds in the absence of some types characterizing Kyrgyz fauna. Besides, he for the first time singles out natural habitat of types and along with this gives information about animals' migration.

Valikhanov made a considerable contribution to the cartography of the explored territories. In his archives numerous drafts, drawings, cartoschemes are kept, many of them are still not deciphered and reconstructed.

He made schematic maps of Karkara River valley, pass of Northern Tyan-Shan, the map of route from Altyn-Emel range to Kuldzha city, scheme of Tyan-Shan Syrt, schematic plan of Kashgar neighborhood, etc. A number of maps Valikhanov made on the basis of studying historic sources when preparing for the journey. These are, for instance, «Schematic map of Mogolistan», made according to the book «Tarihi-Rashidi», «Routes of M. Gabdulmashitov from Issyk-Kul to Kashgar», etc.

As we know, Valikhanov knew a number of oriental and European languages, that is why almost all European and Oriental sources were accessible for him. Not accidentally he was one of the first to pay attention to the Catalan map, made in Italy in 1375 and published in 1742 in France. For the investigation of Central Asia and Kazakhstan territories the Catalan map was of great significance and served important and rare source in historical topography of Kazakhstan territories.

Of the greatest interest is the Central Asia map, made by Chokan on the pages of his last diary. This was the first reliable map of Kashgaria and bordering on it districts. It is noteworthy that on this map with great accuracy are shown the orientation and direction of the main mountain ranges, surrounding Kashgaria. The Hydrographic system is rather thoroughly marked on the map.

Among the cartographic works of the great Kazakh scientist «The map of Kazakh steppe of 18th century» (850) is of much interest. The map amazingly entirely covers almost the hole of the modern Kazakh SSR territory. The value of the map, in our opinion, is in that Valikhanov on the basis of historical data reconstructed the most important geographic objects on the territory of Kazakhstan, known in 18th century, and first of all: gydrogeographic system, relief organization and the main thruway, crossing the territory of Kazakhstani steppe from North to South.

«The map of Kazakh Steppe of the middle of the 19th century» is worthy of great attention. In comparison to other Valikhanov's maps, this one has an important advantage – relative maintenance of the scale, which makes the map more valuable in practical application.

It should be also noted that Ch.Ch. Valikhanov during his trips basically relied on eye-survey. And during his journey to Kashgaria there was no possibility to use geodesic and astronomic instruments. It is under these circumstances that Chokan discovered a masterful skill in describing and characterizing seen by him localities, and in marking them on maps.

Conclusion

Cartography works of Ch.Ch. Valikhanov have not been completely collected yet. There are spread in different archives of the country. To collect the materials together and their study – is the matter of future.

In the period when Russia's economic relations with the countries of the East intensively developed Ch.Valikhanov's works with cartographic appendices became important reference manuals for many Russian scientists and statesmen.

Ch.Ch. Valikhanov's zoological, geological and other collections, handed over by him to scientific establishments have not yet been crowned with success. Many scientists testify their availability. Thus, for instance, I.V. Mushketov wrote, that Valikhanov during his journey through Central Tyan-Shan made a collection of rocks. Ch.Ch. Valikhanov's geographic heritage characterizes him as a traveler and scientist, devoted to the science. His geographic characteristics were remarkable for breadth of phenomena coverage. In respect of precision and minuteness of characteristics of explored territories, minuteness of natural components description, Ch.Ch. Valikhanov's works come first in importance than a number of his contemporaries' works. Even at that time he put into practice a complex approach and gave a comparative analysis of explored territories. That is why he fairly stands among outstanding scientists of his epoch (Ch. Valihanov i sovremennost , 1988: 219-223).

Литература:

Валиханов Ч.Ч. (1961). Собрание сочинений в 5-ти томах. Том 1. Алматы.

Валиханов Ч.Ч. (1962). Собрание Сочинении в 5-ти томах. Том 2. Алматы.

Веселовский Н.И. (1904). Предисловие к книге. Сочинения Ч.Ч. Валиханова. С.-Петербург.

Живая старина (1891). Выпуск 4. Санкт-Петербург.
ИРГО. Известия Русского Географического Общества (1895). Том XXXI.

Kumekov B., Uteniyazov S. (1990). English scholars and Ch.Ch.Valikhanov // Central Asian Voices. London.

Кононов А.Н. (1982). История изучения тюркских народов в России. Ленинград.

Russians in Central Asia, London, 1865.

Семенов Тянь-Шанский П.П. (1845-1895). История полувековой деятельности РГО.С.-Петербург. Часть 1.

Утениязов С.К. Промелькнул над нивой Востоковедения... // газета «Ленинская смена», 1985 г. 8 августа.

Ч.Ч. Валиханов и современность (1988). Алматы.

References:

Valihanov Ch.Ch. (1961). Sobranie sochinenii v 5-ti tomah. Tom 1. Almaty.

Valihanov Ch.Ch. (1962). Sobranie Sochinenii v 5-ti tomah. Tom 2. Almaty.

Veselovskii N.I. (1904). Predislovie k knige. Sochineniia Ch.Ch. Valihanova. S. Peterburg.

Jivaia starina (1891). Vypusk 4. Sankt-Peterburg.

IRGO. Izvestiia Russkogo Geograficheskogo Obshestva (1895). Tom XXXI.

Kumekov B., Uteniyazov S. (1990). «English scholars and Ch.Ch. Valikhanov» in the book Central Asian Voices. London.

Kononov A.N. Istoriia izučeniia tiurkskikh narodov v Rossii. Leningrad, 1982.

Russians in Central Asia, London, 1865.

Semenov Tian-Shanskii P.P. (1845-1895). Istoriia poluvekovoi deiatelnosti RGO.S. - Peterburg. Chast 1.

Uteniyazov S.K. Promelknul nad nivoi Vostokovedeniia... // gazeta «Leningrskaiia smena», 1985 g. 8 avgusta.

Ch. Valihanov i sovremennost (1988). Almaty.

МРНТИ 03.20

Таңатарова Ж.Т.¹

¹Т.ф.д., Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, Атырау қ., Қазақстан
E-mail.ru: zhamiga_tanatarova@mail.ru

Г.Н. ПОТАНИН ЖӘНЕ МҰСА ШОРМАНОВ

Мақалада Г.Н. Потаниннің Мұса Шормановпен арадағы шығармашылық, адамгершілік байланыстары сипатталған. Потанин сияқты алдыңғы қатарлы орыс зиялылары мен революцияшыл демократтары Мұса Шорманов туралы жоғары бағалап, жазып кеткен. Өкінішке орай, Кеңес өкіметі тұсында Шорман би ұрпақтары көп қуғындалды. Мұсаның өзі чиновник міндетін ғана орындаған азын-аулақ топпен жұмыс істеп қоймай,

ол Қазақстандағы патша өкіметінің саясатына өзінше баға берді.

Мақалада эпистолярлық дерек ретінде М. Шормановтың Потаниндерге жазған хаттарына талдау жасалып, екеуінің достық қарым-қатынастары дәлелденеді.

Кілт сөздер: Г. Потанин, М. Шорманов, Ш. Уәлиханов, хат, әдет-ғұрып, қарым-қатынас.

Таңатарова Ж.Т.¹

¹д.и.н., профессор Атырауского государственного университета имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Казахстан
E-mail.ru: zhamiga_tanatarova@mail.ru

Г.Н. ПОТАНИН И МУСА ШОРМАНОВ

В статье рассматривается творческое взаимоотношение Г.Н. Потанина и Мусы Чорманова. Представитель русской интеллигенции Г. Потанин очень высокую оценку дал Мусе Чорманову как знатоку казахской степи, культуры казахского народа и казахского менталитета. К сожалению, во время Советской власти потомки Чорман бия были в изгнании. Сам Муса как чиновник не только работал с малочисленной группой, также он дал оценку на политику царской власти.

В статье как эпистолярный источник проанализированы письма М. Чорманова Потаниным. Таким образом, автор доказывает творческие и добрые отношения Г.Н. Потанина с М. Чормановым.

Ключевые слова: Г. Потанин, М. Чорманов, Ч. Валиханов, письмо, обычай, взаимоотношение.

Tanatarova Zh.¹

¹Doctor of historical sciences, professor of the Kh. Dosmukhamedov Atyrau State university, Atyrau, Kazakhstan
E-mail.ru: zhamiga_tanatarova@mail.ru

G. POTANIN AND M. CHORMANOV

The article deals with the creative relationship of G.N. Potanin and Musa Chormanov. The representative of the Russian intellectual people, G. Potanin, highly appreciated Musa Chormanov as a connoisseur of the Kazakh steppe, the culture of the Kazakh people and the Kazakh mentality. Unfortunately, during the Soviet period the descendants of Chorman Biya were in exile. Musa himself as an official not only worked with a small group, he also assessed the policy of tsar power.

In the article, as an epistolary source, letters written by Potanin to M. Chormanov are analyzed. Thus, the author proves the creative and kind relations of G.N. Potanin with M. Chormanov.

Key words: G. Potanin, M. Chormanov, C. Valikhanov, letter, customs, mutual relationship.

Кіріспе

Революцияға дейінгі ғылыми қоғамдар ішінде Орыс Географиялық Қоғамы мен оның бөлімдерінің атқарған ісі орасан зор. Тамаша ғалымдар мен саяхатшылардың өкілдерінің ғылымдағы жетістіктері осы қоғаммен байланысты. Олардың қатарында П.П. Семенов-Тяньшаньский, Н.М. Пржевальский, Ш. Уәлиханов, Н.А. Северцов, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов, Ә.А. Диваев, В.В. Бартольд, Н.И. Веселовский, Н.Н. Пантусов, т.б. болды.

Қазақ жері мен қазақ халқының тарихын зерттеуге орыс ғылымы ерекше назар аударғаны белгілі. Ресейдің ғылыми қоғамдарының өкілдері қазақ зиялыларының көмегімен өлкені ғылыми тұрғыда зерттей бастады. Революцияға дейін орыстың ғылыми қоғамдары қиын жағдайда жұмыс істеді. Омбы, Орынбор, Ташкент, Семейдегі ғылыми қоғамдардың зерттеушілері революциялық қозғалыстарға қатысты немесе саяси айдауда жүрді. Олармен ең әуелі тілмәштар тіл табысты. Пашино, М.И. Венюков, Е.П. Михаэлис, Г.Н. Потанин, Д.Л. Иванов, П. Голубев, Л.К. Чермак, Ф.А. Шербина, т.б. түрлі экспедициялық жұмыстарға тікелей қатысты. Белгілі географ, этнограф Г. Потанин қатысқан экспедициялық зерттеу Зайсан көлі мен Қара Ертіс бойынша жүріп, Алтай мен Жоңғар Алатауы арасындағы түрлі мекендерді зерттеді. Г.Н. Потанинге Мұса Шорманұлы да түрлі көмек көрсеткен.

XIX ғ. екінші жартысында өлкетану жұмыстары жанданып, жергілікті өлкетану ұйымдарының қызметі дамиды. Соның бірі Батыс Сібір, Алтай, Қазақстанның географиясын, табиғатын мен халқын зерттеуде көрнекті рөл атқарған Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесі болды.

1876 ж. Батыс Сібір генерал-губернаторы Казнаков Орыс географиялық қоғамына орталығы Омбы қаласында болатын қоғамның Батыс Сібір бөлімшесін ашу туралы ұсыныс жібереді. 1877 жылы Казнаков Орыс географиялық қоғамының Омбыда тұратын мүшелерін (олар жеті адам болған) жинап алып, бөлімнің ашылғанын айтады (Вопросы истории Западной Сибири, 1970: 100). Бұл жаңа ғылыми қоғамның алдында тұрған міндеті көп еді. Ол генерал-губернатор жетекшілігімен Батыс Сібірді де, онымен көрші жатқан Орта Азияны, Батыс Қытайдың географиясын, тарихын, этнографиясын, статистика, археография, археологиясын зерттеу қажет болды.

Осындай жан-жақты жасалған бағдарламаны жүзеге асыру оңай болған жоқ. Ол жылдары Батыс Сібірде жоғары оқу мекемелері жоқ еді, орта мектептің өзі аз болатын. Бөлімде негізінен Бас штаб офицерлері, әскери топографтар мен азаматтық әкімшіліктің чиновниктері, азын-аулақ мұғалімдер мен дәрігерлер болды. Олар тұрақсыз болды, өйткені әскери және азаматтық чиновниктер қызмет бабымен көшіп-қонып жүрді. Бөлім зерттеу жұмысын жоспарлай алмады, өйткені қаражат жоқ болды. Тіпті экспедициялардың өзіне қаражат аз бөлінді.

Методология

Мақала негізіне қазіргі кездегі тарихшылардың негізгі тұжырымдамалары алынып, философия, әлеуметтану, саясаттану ғылымдарындағы қоғамның әлеуметтік құрылымының мәселелерін

зерттейтін негізгі пайымдамалар алынды. автор историзм, объективтілік принциптеріне сүйенді, сонымен қатар, тақырыптың мәселелерін ашуда кешенді тәсілді қолданды.

Тарихилық принципі нақты тарихи жағдаймен тығыз байланыста тарихи құбылыстарды қарастыруға бағытталады. Мақаланың объективтілігі деректік материалдар негізінде талдау жасау болып табылады. Автор салыстыру, онымен логикалық жағынан байланысты талдау, және оның жоғары деңгейі болып саналатын – синтезді қолданды. Талдау мен синтездің үйлесуі қарастырылатын мәселелерді логикалық түрде тұтас өзегін жасауға көмектеседі.

Зерттеулерге шолу

Г.Н. Потанин туралы библиография көп екеніне дау жоқ. Оның көпшілігі Г. Потаниннің зерттеу еңбектері жарық көргенде және 1905, 1915 жж. 70, 80-жылдықтары атап өтілгенде шықты. Г.Н. Потаниннің өмірбаянын жазу қай кезде болсын тоқтаған жоқ. Мысалы, А.В. Адрианов оның 80 жылдығына арналған жинақта өмірбаянын жазды (Адрианов А.В., 1915). В.А. Обручев оның өмірі мен қызметі туралы көлемді еңбек жазған (Обручев В.А., 1947). Алайда Г. Потаниннің Алаш зиялыларымен қарым-қатынасы туралы жеке тарау арнамаған. М.В. Шиловский Г.Н. Потаниннің туғанына 160 жыл толуына орай оны «кадрдың жеке беті» түрінде жинақтаған (Шиловский Г.Н., 1995). Г.Н. Гехтман Г. Потаниннің өмірбаянымен бірге, оның географияға қосқан үлесін мазмұндаған. Алайда бұл еңбекте Потаниннің қазақ өлкесін зерттеуде оған көмектескен қазақ зиялылары туралы айтылмаған (Гехтман Г.Н., 1962).

Сібір кадет корпусында қазақтың біртуар ұлы Шоқан Уәлихановтың оқығанын мақтан етпейтін қазақ жоқ. Осы оқу орны Г. Потаниннің дүниетанымын қалыптастыруда орны ерекше болды. Өйткені, ол Шоқанмен бірге оқып, одан көп нәрсені үйренді, оның дарындылығына, біліміне тәнті болды. А.И. Солодухин Кадет корпусарындағы оқу үрдісін сипаттай отырып, Г. Потаниннің достары арасында әділетті болғанын айтады (Солодухин А.И., 1995). Шоқан мен Г. Потанин арасындағы достықты С. Өтениязов жүйелі жазумен қатар, автор Мұса Шорманов туралы да ұтымды мәлімет келтірген (Өтениязов С., 1990). Ал, М. Малышева, В. Познанский мақаласында Г. Потанин Шоқаннан үлкен тағылым алғанын дәлелдеген (Малышева М., Познанский В., 1990). Бұл еңбектер Омбы облысының мемлекеттік мұрағат құжаттарын пайдаланғанымен құнды деп есептейміз. Ал И. Белов болса Кадет корпусында оқып жүрген кезде Омбы қаласының Г. Потанинге әсерін жазған (Белов И., 1848). Омбы қаласы туралы М.И. Юрасованың да тамаша еңбегі бар (Юрасова М.И., 1972). Г. Потаниннің өзі Қазақстан қалаларының ішінен Семей туралы жазғанын, ал бұл туралы қалалар тарихын зерттеуші Ж. Қасымбаев еңбегінде айтылған (Қасымбаев Ж.К., 1998).

Г.Н. Потаниннің дүниетанымына, ғылым жолына үлкен үлес қосқан әйгілі саяхатшы П.П. Семенов болды. Ол Потанинге саяхатшы-ғалым болуды үйретті (Семенов Тянь-Шанский П.П., 1948). П.П. Семенов Г. Потанинді Орыс Географиялық қоғамының жұмысына қатыстырып, оны таза ғылым жолына баулыды.

Негізгі бөлім

Қоғамның құрылған алғаш кезінен бастап-ақ этнографиялық жұмыстар кең түрде жүргізілді. Алғашқы кезден бастап-ақ көпшілікті этнографиялық мәліметтер жинауға жұмылдырды. Осы мақсатпен бөлім бірнеше бағдарлама шығарып, бақылау материалдарын, қолжазбаларды, мұражайға экспонаттар жіберуді сұрады. Өлкетану мұражайын құру жұмысы да жүргізілді. 1878 жылы-ақ Тобыл статистикалық комитетінен, Бөлім мүшелерінен көптеген экспонаттар келіп түсті. Бөлім басылымдарында жергілікті өлкетанушылар жіберген этнографиялық мақалалар мен хабарламалар басылып тұрды.

Батыс Сібір бөлімінің алғашқы мүшелері ішінде орыс этнография ғылымын дамытуға бірнеше ғалымдар мен өлкетанушылар едәуір үлес қосты. Әрине, олардың қызметі Бөлім аясында қалып қойған жоқ. Г.Н. Потанин Бөлімнің құрметті мүшесі болды.

XIX ғ. 80-90-жж. қазақ даласы мен қазақ халқы туралы зерттеулер жүргізу күн тәртібіне қойылады. Омбы қаласы іс жүзінде Қазақстанның әкімшілік және мәдени орталығы болды. Қазақстанда да өлкетану мұражайлары ашыла бастады. Г. Потанин қазақ фольклорын жинауды ұйымдастырды. 1878 жылдың өзінде ол Бөлім мәжілісінде «Қырғыз аңыздары туралы» хабарлама жасап, Бөлімнің осы мәселемен айналысуын ұсынады. 1881 ж. хаттамаларда «қырғыз ертегілері мен татар тіліндегі өлеңдер» бойынша бірнеше дәптерлер түскені көрсетілген. 1886 ж. «Жазбаларда» Потаниннің «Несколько вопросов по изучению поверий, суеверных обычаев и обрядов у киргиз и сибирских татар» атты бағдарламасы жарияланады. Бұл бағдарламада мәселенің тізімі ғана жазылып қоймай, фольклор мен наным-сенімдер туралы қысқаша мәліметтер беріледі.

XX ғ. алғашқы он жылдығында Бөлім басылымында қазақ этнографиясы туралы жазылмайды. Тек «Павлодар уезі қырғыздары туралы ескертпелер» шығады. Оны Мұса Шорманов жасаған болатын. Көп жылдардан кейін Потанин арқылы Бөлімге келіп түседі (Вопросы истории Западной Сибири, 1970: 100-137). «Ескертпеде» қазақ қыстаулары, аң аулау, киімдер, егін шаруашылығы, жабайы шөптерді қолдану туралы мәліметтер бар.

Көріп отырғанымыздай Мұса Шорманов білімді қазақ зиялысының бірі болған. Ол Шорман бидің төрт ұлының үлкені, 1819 ж. дүниеге келген. Жас кезінен елдегі жағдайды, саяси-әлеуметтік мәселелердің қыр-сырын бақылап өсті. Мұса әкесі ашқан ауыл мектебінде сауатын ашты. Әкесі оны Омбы мектептерінің бірінде оқытпақшы болды. Бұл кезде Омбы әскери училищесінде Уәлиханның екі баласы Шыңғыс пен Төрежан оқитын. Шорман би де Мұсаны сол оқуға береді. Омбыдағы екі жылдық әскери училищеге түскенде Мұса орыс тілін нашар біліп келсе де, тез үйреніп, оқу озатына айналды (Өтениязов С., 1995: 159). 1835 жылы оқуын үздік бітіріп, ауылына қайтады. Мұнда сайлауда жеңіп шығып, өз ауылы Ақкелін болысын басқарады. Бұл қызметін алты жыл істегеннен кейін, 1841 ж. Баянауыл округінің заседателі болады. Бұл істі 1854 жылға дейін атқарады. Осындай дарынды көш басшының ел ішінде ғана емес, Омбы бастықтарының алдында да беделі болды.

1854-1868 жж. Баянауыл округінің аға сұлтаны қызметінде болады.

Әскери дәрежесі полковникке дейін өседі. Мұса Шорманов Петербургте екі рет болған. Бірінші рет Орта жүз қазақтары депутаттары құрамында, екінші рет 1855 жылы II Александр патшаның таққа отыруына байланысты салтанатты жиынға қатысады. Бұл салтанатқа Орта жүз депутатциясынан сегіз адам қатысады. Олар: подполковник Шыңғыс Уәлиханов, прапорщик Ыбырайым Жайықбаев, сотник Мұса Шорманов, Ақмоладан Бегалы Қоңырқұлжин, Баянауылдан заседатель хорунжий Шекербай Малгелдин, болыс Аққошқар Кішкентаев, Қарқаралыдан Тәттімбет би Қазанғаров, Көкшетаудан Шүбек Байсарин (Өтениязов С., 1995: 160). Григорий Потанин «Естеліктерінде» бұл оқиға былай жазылған: «Батыс Сібірде II Александрды ұлықтауға қатысқан түрлі ұлттардан тұратын депутаттар ішінде ақылды да сыншыл Мұса Шорманов болды. Ол Москвада көпшілік қауымды әңгімесімен қызықтырған жас немісті кездестірді. Шорманов оған мынадай мақтау айтты: «Алғаш рет ақылды немісті кездестіріп тұрмын». Осы ырықсыз шыққан сөз Сібірде іскер немісті кездестіру қиын екенін көрсетеді» (Потанин Г.Н., 1986: 33-150).

Мұса Шорманов туралы алғаш рет 1860 ж. А.И. Герценнің Лондонда шығып тұрған «Колокол» журналында жазылған. Мұса патша өкіметінен талай сыйлықтармен, грамоталармен, медальдармен марапатталған.

Басқармадағы кейбір чиновниктерге кемшіліктерін бетіне басып отырған. Халық ішінде ықпалы бар екенін білгендіктен өкімет басқармасындағылар онымен санасатын.

Мұса Шорманов білімді, халықтың жағдайын жақсы білгендіктен Омбы басшылары оны ел басқартты. Оның Омбы басшыларымен қарым-қатынасын 1863 жылы Шоқан былай деп жазған: «...Отец мой совсем перестал ездить в Омск. Муса бьется, как рыба об лед, и туда, и сюда, но не пристроиться все-таки не может. Вообще все идет скверно...» (Валиханов Ч.Ч., 1968: 73). Осылайша Омбы басшыларынан қорлық көргенін айтып кеткен. Сонымен бірге патша чиновниктерінің жемқорлығын да Шоқан былай деп жазады: «Берут страшно и явно, сегодня пишут, чтоб подали в отставку, завтра, взяв деньги, отменяют и проч...» (Валиханов Ч.Ч., 1968: 76). Патша үкіметі осындай білімді де беделді қазақ зиялыларын отарлық саясатында пайдаланса, Ресей зерттеушілері Қазақстанды зерттеуде оның білімін пайдаланды. Григорий Потанин «В течение не менее полувека омская администрация пользовалась советами и влиянием на степное население этих трех лиц – султана Чингиса, его сына Чокана и его свояка Мусы Чорманова», - деп жазды (Русское богатство, 1896: 78). Сонымен бірге патша өкіметі Мұса сияқты адамдардың Ресейдің алдыңғы қатарлы зиялыларымен достық қарым-қатынаста болғанын қалаған жоқ. Оның артында да тыңшылар жүрді. 1865 ж. Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев, Ф.И. Усовтар саяси айыпталып, Омбы абақтысына тұтқынға жабылғанда, олармен бірге Шыңғыс Уәлиханов пен Мұса Шорманов та айыпталған болатын. Сібір патриоттарының тұтқындалып, патша түрмесінде отырғаны туралы алғаш рет А.И. Герцен «Колокол» журналында хабар жариялаған (Өтениязов С., 1995: 162). Шыңғыс пен Мұсаны Омбы абақтысынан құтқаруға сол кезде Шоқанның Петербургтегі достары көсектеседі. Солардың ішінде «Степная комиссияның» мүшелері К.К. Гутковский, А.К. Гейнс, төрағасы Ф. Гирс бар болатын. Осы айыптаудан кейін 1865 ж. Шыңғыс Уәлихановты 1865 жылы

демалысқа шығарып жібереді. Содан кейін 1902 жылға дейін, яғни өмірінің соңына дейін қызметсіз жүрген. Мұса Шорманов болса 1868 жылдан соң қызметсіз қалды (Өтениязов С., 1995: 162).

1865 ж. Қазақстанға бет алған «Степная комиссия» ең әуелі Сырымбеттегі Шыңғыс Уәлихановқа, одан кейін Баянауылдағы Мұса Шормановқа барған. Қай комиссия келсе де Орта жүздегі бұл екеуін тыңдамай кетпейтін, өйткені олар елдің жағдайын, түрлі мәселелерін жақсы білген, әрі бүкпесіз айтқан. Мұса Шорманов та реформаның халыққа пайдасыз екенін, патша өкіметі саясатының зардабын жеткізген. Бұл комиссия Шыңғыс пен Мұсаға ұнайды. Себебі Гейнс, Гутковский сияқты демократтар әрі Шоқанның достары басқарып келді. А.К. Гейнс Мұса Шормановқа жоғары баға беріп, оның Орта жүз аймағындағы беделді адам екенін, шын мәнінде, жақсы адам екенін алғаш көргенде жоғары сипаттаған (Өтениязов С., 1995: 260).

Мұса Шорманов қазақ этнографиясын зерттеген А.К. Гейнспен жақсы таныс болған. Гейнспен алғаш кездескенде Мұса да жақсы лебіз білдірген. Ол туралы А. Гейнс былай деген: «...Түскі асқа таман Мұса келді. Шамасы Гутковскийдің ұсынысымен болса керек, ол маған жақын отырып, бір көргеннен шыншыл адамдарды танитын шебер екенін айтты. Мен не сұрайтын болсам, соның бәрін айтуға уәде берді» (Валиханов Ч.Ч. 1968, 262). Мұсаның осы комиссия жұмысына көмектесіп, зерттеуіне ризышылығын білдірген А.К. Гейнс: «...Аңға шығып келгеннен кейін Мұса бізбен шай ішіп, мұрагерге сәлем беру үшін Петербургке депутация жіберуге Орта жүзге ұсыныс жасағысы келетінін айтты; сонымен бірге Д.А. Милютин, Валуев және А.М. Горчаковке қазақ халқының жағдайымен айналысқан комиссия жібергені үшін алғыс айтпақшы екенін айтты», - деп жазды.

Мұса Шормановты Петербургте, әсіресе Орыс Географиялық қоғамында және Антропологиялық қоғамда жақсы білген, өйткені ол бұл қоғамдарға қазақ халқының өмірінен сирек кездесетін этнографиялық материалдарды жинап берген. Әсіресе орыс және шетел этнографиялық көрмесіне экспонаттар жинаған. Мысалы, Мұса Шорманов 1881 жылы Москвада өткен Бүкілресейлік өндірістік-көркемдік көрмеге қазақ халық қолданбалы өнерінің 32 затын берген. Бұл заттардың тізімі қазіргі кезде ҚР ОММ сақтаулы, онда әр заттың құндылығы, сипаттамасы жазылған. Бұл экспонаттардың жалпы құны 150 сомнан артық, ал бұл сома сол кездегі 30 жылқының құны болатын (ҚР ОММ. 460 қор. 26 іс. 1 тізім). Бүгінгі күні бұл экспонаттар Санкт-Петербургтегі Ұлы Петр атындағы Антропология және Этнография мұражайында (Орта Азия және Қазақстан бөлімінде) сақтаулы.

«Шоқан Мұсаның жеке өзі жинаған және соның айтуымен жазып, құрастырған Омбы кеңсесінің мұрағаттарында қазақ шаруашылығы немесе сот тәртіптері туралы жазбалар аз емес», - деп жазған болатын Г. Потанин (Русское богатство, 1896, 292).

Ең алдымен, Мұса Шорманов өз материалдарын Ш.Ш. Уәлихановқа, А.К. Гейнске, Г.Н. Потанинге берген. Г. Потанинге жазған хатының бірінде былай деген: «Сіз сұраған ертегілерге қатысты, материалдар жинақталуда, айтарлықтай жинақталған кезде, сонда толық құрастырып, тез арада Сізге жібереміз» (Письмо М. Чорманова Г.Н. Потанину // Валиханов Ч.Ч. 1968: 119).

1865 жылы қыркүйекте Баянауыл округіне әкімшілік қайта құруларды жүргізу жөніндегі комиссияны А. Гейнс бастап келеді. Мұса Шормановтың қатысуымен болған этнографиялық комиссия Баянауылда төрт күн жұмыс істейді. Кейіннен Мұса оларды Павлодарға бастап апарыды. Баянауылда Мұсамен тығыз араласқан Гейнс былай деп жазған: «По приезде в Баянаул вечером был у нас Муса Шорманов, султан округа, самый влиятельный человек Средней Орды и действительно, очень достойный человек» (Гейнс А. Из дневника 1865 г. // Валиханов Ч.Ч., 1968: 287).

Орта жүз жерінде зерттеу жүргізген «Степная комиссия» жұмыстың қалай аяқталғаны жөнінде былай деп жазған: «16 сентября (1865). Итак, наш объезд области сибирских казахов окончен. Я недоволен нашим объездом, потому что приобрел меньше сведений, чем следовало ожидать. В Кокчетавском округе Валиханов дал хорошие сведения о внутренней промышленности и торговле. В Атбасарском сведений не получено никаких, в Акмолинском собрано тоже мало сведений. В Каркаралинском сведений опять никаких; в Баянаульском сведений собрано довольно» (Валиханов Ч.Ч., 1968: 263). Демек, Шыңғыс пен Мұсаның ісіне риза болған.

Мұса қазақтың әдет құқық нормаларын жақсы білгендіктен, дала саясатының күрделі жағдайын шеше білген. Ол «Жеті Жарғының» негізгі ережелерін жақсы білді. Сондықтан қазақ даласындағы барлық күрмеулі мәселелер бойынша орыс басшыларының сенімді кеңесшісі болған. Әкесі қайтыс болғаннан кейін Сәдуақас Шорманов Г. Потанинге былай деп жазған: «Егер Сіз біздің қайсақтар туралы тағы білгіңіз келсе, онда менде (әкемнің) тізімдері «баяндамаларынан), жазбалары бар, маған жазыңыз, мен оларды Сізге жіберемін» (Валиханов Ч.Ч., 1968).

Мұса Шорманов өз заманының білімді адамы бола отырып, Ресей ғылымы алдында көшпелілер әлемін ашып берді. Көбінесе этнографиялық материалдарымен алға қойған мақсатына жетті. Оның көлемді мақаласының бірі «Павлодар уезі қырғыздары туралы жазбалар» деп аталады. Бұл мақала ұзақ уақыт бойы Шормановтар отбасында сақталып, тек 1906 жылы ғана жарық көрді. Мұсаның ұлдары бұл жұмысты Г.Н. Потанинге беріп, ол мақаланы басып шығаруға Омбыда жүрген Ә. Бөкейхановқа береді. Әлихан Бөкейханов бұл мақаланы жеке ескертпелерімен «Записки ЗСОИРГО» XXXII томына енгізеді. Бұл мақалада қазақтардың көшпелі тұрмысына талдау жасалған: малды жаю тәртібі, көшудің сипаты, малды күту әдістері, қысатуларды салу, қосалқы шаруашылық пен қолөнер, жабайы аңдарды аулау т.б. Мақаланың ғылыми-практикалық маңызы әлі күнге дейін жоғары деуге болады (Записки ЗСОИРГО, 1906). Мұсаның бұл еңбегі XX ғ. алғашқы он жылдығында ЗСОИРГО басылымынан қазақтардың этнографиясы жарияланбайды, тек М. Шормановтың осы мақаласы ғана басылған. Мұса Шормановтың еңбектері астаналық басылымдарында да шыққан.

Мұса Шорманов ел алдындағы беделін игі істерге пайдалана білген. Мысалы, Омбыдағы қазақ балаларына арналған интернатқа тек өзі ғана емес, қазақ байларын ұйымдастырып, көп материалдық көмек берген (Өтениязов С., 1995: 163). Өз ауылында мектеп аштырып, қазақ балаларын тегін оқытқызыған. Баянауылда мешіт салғызған. Сөйтіп, саяси-қоғамдық қызметпен қатар, ағартушылық қызмет те атқарған. Қазақ балаларын оқытудағы мәселелерді шешу үшін патша өкіметіне талай хат та жазған.

Қазақтардың көшпелі тұрмысына бейімдеп мектептер ашу жөнінде жобалар жасаған. Қазақ балаларына арнап орыс мектептерін Омбы, Павлодарда ашуға күш салған. 1865 жылы Омбыдағы қазақ балалары үшін кеңсе қызметкерлерін дайындайтын мектеп Мұсаның көмегімен ашылған.

Қазақ байларының көбі балалары шоқынып кетеді деп қорқып, орыс мектебіне бере қоймаған. Осы бағытта да Мұса аз еңбек еткен жоқ. Қазақтың белгілі, зиялы адамдары балаларын орыс мектебіне міндетті түрде оқытатын болсын, сол үшін патша өкіметінің арнаулы бұйрығын шығару керек деп әлденеше рет мәселе қояды (Өтениязов С., 1995: 143). Батыс Сібір басшылары мұндай ұсыныстары қабылдамаған. Оған қарамастан Мұса Шорманов өз округіне қарасты болыс басшыларына жыл сайын екі баланы Омбыға оқуға жіберіп, шығыны мен қаражатын өз мойындарына алуға көндірген.

1881 жылы 7 желтоқсанда Г.Н. Потанинге жолдаған хатында қазақ тұрмысына арналған гимназия туралы қағаздарды жіберуді өтінген. «... Просим Вас настолько быть любезным относительно исполнения Вашего намерения о составлении доклада о кочевой гимназии и прислать нам. А то казахский народ без учения костенеет в грубом невежестве», - деп жазған (Валиханов Ч.Ч., 1968: 119). Мұса Шорманов қазақ балалары үшін әр түрлі мектептердің жоспарын жасап, патша өкіметіне өтініштер жазған.

Мұса Шорманов алдыңғы қатарлы орыс зиялыларымен достық қарым-қатынаста болды. Ол үнемі полиция бақылауында болып, үстінен мінездеме жиі жазылып тұратын. Сондай мінездеменің бірінде «беспокойный и недостаточно благонадежный», - деп жазылған (Өтениязов С., 1995: 165). Әрине, мұндай озық ойлы адамның патша өкіметіне ұнауы да қиын еді.

Потанин Шоқан еңбектерін шығарғанда, Мұсадан Шоқанның «Киргизское родословиені» алып, өзінің «Солтүстік-Батыс Монғолия туралы очерктер» (Спб., 1883) атты кітабына енгізген.

Г.Н. Потанин Мұса Шормановтан Шоқанның құнды еңбектерінің бірі «Киргизское родословиені» алып, өзінің «Солтүстік Батыс Монғолия очерктері» (1883) атты кітабына енгізген. Сондай-ақ Ш. Уәлиханов қолжазбасынан алынған «Едіге туралы қазақ ертегілерінен үзінділер» атты еңбегін «Живая старина» атты жинаққа кіргізді (1891 ж.). Оған бұл мақаланы Гутковскийдің қызы Екатерина Карловна берген (Өтенияз С., Алпысбаева Қ., Білген Б., 1997).

Г. Колпаковскийді Петербургке ауыстырып жібергеннен кейін, Шоқан еңбектерін басып шығару ісі бойынша ештеңе бітпегеннен соң, Г. Потанин Баянауылдағы Мұса Шормановқа өтініш жазады, өкінішке орай, Мұсада үлкен қаражат жоқ еді. 500 сом мөлшеріндегі қаражатты таба алмаған Шоқанның аяулы досы ұятты қойып, 1895 жылы Сырымбеттегі Шоқанның үйіне барып, әкесі мен оның туыстарының жағдайын біледі. Өкінішке орай, мұнда да қаражат мәселесі шешілмейді. Сөйтіп, Шоқан еңбектерін шығару тағы да біраз жылға жатып қалады.

И. Катанов та 1875 жылы Мұса туралы былай деп жазды: «Мұсада, шамасы, болашақта даланы басқаруға қатысты қандай-да бір ойлары болса керек; осы жылы қазақ балаларын гимназияға түсіру жөнінде бірнеше өтініш түсті. Бұл – орыстың уезд басшыларының тонауына қарсылық еді» (Өтенияз С., 1995: 165). Осылайша оның қазақ балаларын Омбы оқу

орындарына орналастырудағы еңбегін айтқан. Мұса Шормановтың казак балаларын оқытудағы игі істерінің арқасында Баянауылдан көптеген білімді адамдар шыққан.

М. Шорманов орыс зерттеушілеріне қазақ тарихы бойынша мәліметтер беріп қана қоймай, өзі де этнография, қазақтардың әдет-ғұрпы, заңдары, шаруашылығы туралы еңбектер жазды. Олар «Семипалатинские областные ведомости», «Акмолинские областные ведомости» газеттерінде, Петербургтегі «Сельское хозяйство и лесоводство» журналында, Омбыдағы Орыс География қоғамы бөлімшесі шығарған жинақтарда жарық көрді. «О скотоводстве у казахов Западной Сибири» (Петербург, 1883), «Казахские народные обычаи» (Семей), «Заметки о казахах Павлодарского уезда» (Записки Сибирского отдела ИРГО. Омск, 1906. Кн. XXXII) сияқты еңбектері осы күнге дейін ғылыми маңызын жойған жоқ деп ойлаймыз.

Сонымен бірге Мұса Шорманов халқымыздың бай әдеби мұрасын, қолданбалы өнерін жинап, оларды Еуропа жұртшылығына таныстырған. Шорманов жинаған осындай құнды материалдар 1861, 1867, 1876 жылдары Москва, Петербург, Париж қалаларында ұйымдастырылған шығыстанушылар көрмесінде жоғары бағаланған.

Мұса Шорманов тапсырған қазақ қолөнер нұсқалары Шыңғыс Уәлиханов жинаған материалдар сияқты әлі күнге дейін Петербург, Мәскеу, Гамбург, Омбы архивтері мен мұрағаттарында сақтаулы (Өтенияз С., 1995: 166). Ресейдің зиялылары, революционер өкілдері Шыңғысты, Шоқанды қалай бағаласа, Мұса Шормановты да жоғары бағалаған. Шоқанды жоғары бағалаған Н.М. Ядринцев Мұса Шормановты соңғы рет 1884 жылы Омбыда көрген екен (Валиханов Ч.Ч. Т.4. 1968: 577). Бұл кезде Мұса Омбыға Шоқанға ескерткіш қою мәселесімен келген болатын. Омбы басшыларын осы мәселені шешуді тездеттіреді. Сөйтіп, Шоқанға ескерткіш осылай қойылған.

Мұса Шорманов үйіне белгілі ғалымдар, революцияшыл демократтар келіп тұрған. 1885 ж. Мұса қайтыс болғаннан кейін де Шорман бидің қара шаңырағына олардың келуі толастамаған. Мұса Шорманов 1884 ж соңғы күндерінде Омбыда қайтыс болады. 1885 ж. 1 қаңтарда туған ауылы Ақкелінде жерленеді. Оның қабірінің басындағы Екатеринбургтен әкеліп қойылған құлпы таста «Здесь покоится прах полковника Мусы Чорманова. 1819-1885 гг.», - деп жазылған.

Патша өкіметі қазақ жерін өз меншігіне айналдырып, қазақтың шұрайлы жерлерін қоныс аударушыларға не әскери пунктерге жоспарлаған. Жергілікті халық жарамсыз жерде қалды. Бұл жөнінде Мұса Шорманов талай рет өтініш жазған, алайда патша өкіметі оларды ысырып тастаған.

Мұса Шорманов Александра Викторовна Потанинаға 1881 жылы 30 тамызда Саумалкөлден былай деп хат жазған: «Сіздің жіберген орысша кітап «Первый шаг», кішкене Масхутқа деген татарша «Жаратылыс тарихы» мен суреттерді алдым, оған шын жүрегімнен Сізге алғыс айтамын, ал Масхут Сіздің қолыңызды сүйеді, қуанышпен суреттерді қарады, балалық құмарлықпен әр суреттің мағынасын сұрайды, өкінішке орай онда жазбалар орысша жасалмаған» (Валиханов Ч.Ч. Т.4. 1968: 118). Мұндағы «Первый шаг» деген кітап Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев, К.В. Лавровский, В.П. Острогоский мақалаларының жинағы. Ол 1876 жылы Қазанда шыққан. Оны

сатуға тиым салынған болатын. Масхут – Мұса Шормановтың немересі, Сәдуақастың ұлы, бала кезінде қайтыс болған.

Одан әрі хатта Мұса Александра Викторовнаның өзі посылка сала отырып, хат жазбағанына ренжіген, сондықтан ұзақ хат жазуын сұраған, жазса, өзі қызықты деген дүниені жазуды өтінген, ал өз тарапынан М. Шорманов көптен бері хат жазбағанына кешірім сұраған, себебі ұзақ уақыт суық тиіп, ыстығы көтеріліп ауырған, құдайдың және орыс дәрігері арқасында денсаулығы жақсарғанын айтқан (Валиханов Ч.Ч. Т.4. 1968: 118). «Менің отбасым және туыстарым аман-есен, Сізге бас иіп сәлем жолдайды. ...Егер Григорий Николаевич Сізбен бірге болса, оған барлық бастамасына жетістік тілеп, ізгі ниетімізді білдіріңіз, мен үшін фотография карточкасына алғыс айтыңыз, егер ол сапарда болса, біз жөнінде тамаша хатыңызда хабарлаңыз.

P.S. Сәкен Мусович Сізге бас иеді, ал Нурида Шыңғысқызы Сіз юіберген глицерин үшін алғыс айтады және Сізге денсаулық тілейді», - деп хатын Мұса аяқтаған (Валиханов Ч.Ч. Т.4. 1968: 118-119).

7 желтоқсан 1881 жж. Ақкеліннен Мұса Шорманов Г.Н. Потанинге хат жазған: «Сіздің 27 тамызда Қазаннан жазған хатыңызды алдым, бізді, далалықтарды ұмытпағаныңыз үшін шын жүректен Сізге алғыс айтамын, өрі Сіздің аман-сай екеніңізді біліп, қуандық.

Сіздің кітабыңыз бен карточкаңызды алдық, оған шынайы алғысымызды білдіреміз.

...Сізге 30 аршын чекмен (бұл мата –Т.Ж.) жібереміз, Сізге керек болады.

Сіз сұраған ертегілерге келсек, ол үшін материалдарды жинап жатырмыз, айтарлықтай жиналған кезде...Сізге тез арада жібереміз» (Валиханов Ч.Ч. Т.4. 1968: 119). Мұса Шоқан мен Потаниннің тұрақты корреспонденті болған. Оларға қазақ ертегілерін, қазақ халқының тарихи аңыздары мен шежірелерін жинаған.

«Сіз археологиямен айналысатын адам ретінде, хатты Дмитрий Донскойдың уақытын еске түсіретіндей, ескі емлемен жазасыз...Сізден хатты кәдімгі әріптермен жазуыңызды сұраймыз, сонда біз қиналмай оқимыз. Сізден көшпелілер гимназиязы жөніндегі баяндамаңызды жасауды оған дұрыс қарауыңызды сұраймыз», - деп жазған одан әрі (Валиханов Ч.Ч. Т.4. 1968: 119). Демек, Мұса Шорманов қазақ мектептеріне де көңіл бөлгенін байқаймыз.

Одан әрі Мұса өз отбасы жағдайын айтып кеткен. Денсаулығы жайылап түзеліп келе жатқанын айта отырып, «Сәдуақастың әйелі Нуриданың да денсаулығы онша емес. Қалған мені отбасы мүшелері мен туыстарымның денсаулығы жақсы», екенін жазған (Валиханов Ч.Ч. Т.4. 1968: 119). Хатының соңында Потаниннің әйеліне сәлем жолдаған.

Мұса Шорманов Потанинмен шығармашылық байланыста ғана емес, туған-туыстарымен де араласып, хат жазысып жақсы қатынаста болғанын осы хаттардан байқадық.

Сәдуақас Шормановтың Григорий Потанинге жазған бірінші хатына назар аударайық. Ол хат 1887 ж. 10 ақпанда Ақкелін ауылынан жазылған. «Біздің ескі таныстығымыз Сізді және Сіздің, жұбайыңыз Александра Викторовнаны аман-есен алыс, сонымен бірге қиын сапардан оралуыңызбен

күттықтауға толық құқымыз бар.

Сіз Ресейден кетіп, ұзақ уақыт жоқ болған кезде біз сүйікті әкеміз Мұса Шормановтан айырылды», - деп хабарлай отырып, өз кезегінде әкесі Мұса Потанинмен таныстығын үлкен бақыт санағанын атап өткен (Валиханов Ч.Ч., Т.4. 1968: 120). Одан әрі «Біз марқұмның өмірі туралы орыс оқырмандарын таныстыру үшін әкемізбен 20 жылдай уақыт тығыз байланыста болған хат тасушы Путинцевтен «Марқұм туралы (Мұса Шорманов) естелік» атты қысқаша очерк жазуды сұрадық, біздің талап етуімізбен «Восточное обозрение» редакциясына жіберілді, шығарушы Н.М. Ядринцевтен толық үміттендік; шамасы, ол оны жаман жазылған деп есептеп, жарамсыз деп тапса керек. Біз Н.М. одан жақсысын ғана алып, әкеміздің танысы болғандықтан басады деп сендік, бірақ олай істемеді. Сізге белгілі, далада білімді адамдар жоқ, сондықтан барына ризамыз», - деп ескерте отырып, Сәдуақас одан әрі Потанин Ядринцевтен сол мақаланы алып, әлсіз жерін толықтырып, жөндеп шығаруын өтінген, содан кейін бір данасын жіберуін сұраған (Валиханов Ч.Ч., Т.4. 1968: 120). Одан әрі әкесінің басына мрамордан ескерткіш қоятынын, оны Екатеринбургтен Аккелінге В.А. Свечников деген шебердің өзі әкелгенін жазған.

Екінші хат Омбы қаласынан 25 ақпан, 1887 ж. былай жазылған: «Зияда құрметтілеріміз Григорий Николаевич осындай ардақты ханымыз Александрға зор ыхыласымызды куәландырғанымыз.

Бағдында январь ішінде Еркебұлановтен Омскіге жазып қалдырып кеткен сәлеміңізді алдым 20 февральда Омске шаһарында. Ескеріп жазғаныңызға көп-көп ырзамын.

Өзіміз Нүриданың науқасын мұндағы докторларға көрсетпек үшін келген едік. Екі-үш күн болды, қарата бастадық. Өзір мағлұмы жоқ.

Сапарыңыздан сәләмет қайтқаныңыз құтты және мүбәрәк болсын. И.А. Козловтан сұраған едім, сізді бек жүдеп қартайып қайтқан екен, - бізде бірнеше күн қонақ болды, - деп сөздеді.

Біздер апрельдің басына шақты Омскіде болсақ керек. Одан соң Баянауылға қайтамыз.

Жақында хат жазсаңыз Омскіге Аблайханов атына жазыңыз, тапсырмақ шартымен, маған тапсырар.

Бұл күнде қазақтар һар медреседе оқи бастады, Гимназияда да 19 бала оқиды, кадетский корпус 5 бала оқиды, учительский семинарияда 4 бала оқиды, және техническийде екі бала оқиды. Барлығы 30 бала қазірде Омскіде оқиды, бір бала Петербургский университетте оқиды, руы Сырттанов, соған мүмкін болса көрісіп, лайық болған қадари жәрдеміңізден тастай көрмеңіз.

Н. М. Ядринцевке менен поклон айтыңыз. Маған таныс болмаса да менің атама таныстығы турасында.

Қош, сізді, һам жамағатыңызды құрметтеуші. Садуақас Мұсаұлы Шорманов» (Валиханов Ч.Ч., Т.4. 1968: 121).

Сәдуақастың үшінші хаты 1887 жылы наурызда жазылған. Онда былай деген: «Бек сүйікті Григорий Николаевич.

Мұндан ілгері бір хат жазған едім, бұл күнде алған шығарсыз. Мәзкүр хатымда Омскіге келген себептерінің баршасы айтылған жоқ шығар: Хамиладан бір «докладная записка» бермек едім генерал-губернаторға, [қазір] ол ниетімнен қайттым – господин Чистяковтың уа ғайрылардың

басқалардың мәслихатты илян. (Ол записка) «Восточное Обозрение» (газетіне) басуға жіберілді. Лайық көрілсе, енді-сізден өтінішіміз бәлки, бағзы бір жерлері бек лайықсыз [болып], ұлықтарға тік (жазылған жерлері болған болса, алып тастап, бізге ұят келместей етіп бастыра көріңіз. Әгәрда басылса бізге хат жазып хабарландырыңыз. Әр уақыт газетке хабар беріп тұрармыз – қазақ халқының зәру болған істерінен, кем жерлері болса толтырып, артық жерін алып тастауыңызды үміт етіп қаламын.

Нүрида екеумізен Александра Викторовнаға поклон айтасыз. Сізді лайым хұрметте қалаушы Садуақас Шорманов» (Валиханов Ч.Ч., Т.4. 1968: 121-122).

Соңғы екі хатты Ә. Марғұлан аудармасымен бердік. Сәдуақас Шормановтың төртінші хаты Омбыдан 1888 жылы 26 сәуірде былай деп қысқаша жазылған: «Бек сүйікті Александра Викторовна, бек сүйікті Григорий Николаевич!

Сізден жауап телеграмма алып, өткен 1887 жылы 3 қарашада Павлодардан С.-Петербургке «Восточное обозрение» редакциясына Сізге жіберілген марқұм Шоқан Уәлихановтың портретін Сіз әлі алмағаныңызға таң қалдым.

Сондықтан Сіз «Восточное обозрение» редакциясынан сұрауыңызды өтінемін, егер онда болмаса, онда маған почта әкімшілігінен іздеп, Сізге тапсыруым үшін Баянауыл стансасына хабарлаңыз.

Сіздің қазіргі келгеніңіз туралы мен Омбыға келіп Иван Александрович Козловтан естідім. Мен бүгін кемемен өз ауылыма аттанамын. Портретті мен Сіз сұрағаннан кейін Аблайханов мырзадан жібергенмін» (Валиханов Ч.Ч., Т.4. 1968: 123-124).

Осындай эпистолярлық деректерге қарағанда Г. Потанин Шоқанның нағашысы Мұса Шормановтың әулетімен тығыз байланыста болғанын байқаймыз.

Қорытынды

Григорий Потанин Мұсаны ғылыми шығармашылығына пайдаланған. Өз тарапынан Мұсаның баласы Сәдуақас та Потанинді әкесін жарыққа шығаруда Потанинге сүйенген. Шормановтар да, байқасақ, сонау Екатеринбург орыстарымен араласқан. Бір жағынан, мұндай қарым-қатынастың үлкен пайдасы болғанын айтқанымыз жөн. Осындай таныс-білістің арқасында біз тамаша мұраларды жинап қалғанымызды мойындаймыз. Мысалы, жоғарыдағы хатта аталған И.А. Козлов заңгер, «Ақмола облыстық ведоместілері» мен «Қырғыз дала газетінің» редакторы, қазақтардың әдет-ғұрыптарымен айналысқан.

Абылайханов болса, дала генерал-губернаторының тілмашы, «Қырғыз дала газетінің» қазақ бөлімінің редакторы, өсіп келе жатқан қазақ ұлттық буржуазиясының идеологы болды.

Г. Потаниннің Мұса Шормановпен арадағы шығармашылық байланысы да ғылымға үлкен үлес қосқанын дәлелдеуге тырыстық. Әсіресе, Мұсаның қазақ этнографиясы бойынша жазылған еңбектерінің ғылымда алатын орнын Григорий Николаевич Потанин абыроймен орындады деуге болады.

Әдебиеттер:

Адрианов А.В. (1915). К биографии Г. Н. Потанина // Сборник к 80-летию дня рождения Григория Николаевича Потанина. Томск.

Белов И. (1848). Путевые заметки и впечатления по Западной Сибири. Спб.

Валиханов Ч.Ч. (1968). Собр. Соч. Алма-Ата: Наука.

Вопросы истории Западной Сибири. (1970). Омск: Омский Госпединститут, Ученые записки. Выпуск 45. – С. 100-137.

Гейнс А. Из дневника 1865 г. // Валиханов Ч.Ч. (1968). Собр. Соч. В 5 т. Т. IV. Алма-Ата: Наука. - С. 251-273.

Гехтман Г.Н. (1962). Выдающиеся географы и путешественники. Тбилиси.

Захарова И.В. (1970). Этнография в трудах Западно-Сибирского отдела Русского Географического общества (1877-1917) // Вопросы истории Западной Сибири. Ученые записки Омского госпединститута им. А.М. Горького. Вып. 45. Омск.

Касымбаев Ж.К. (1998). История города Семипалатинска (1718-1917). Алматы: АГУ им. Абая.

ҚР ОММ. 460 қор. 26 іс. 1 тізім

Малышева М., Познанский В. (1990). Шоқан ісін мұрат тұтқан // Жұлдыз. № 6. 195-197 бб.

Тәуелсіз еліміздің тарихында екі жүз жылға жуық аралықты алатын Ресей империясының құрамында болған отарлық кезең тарихын зерттеп, зерделеу бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Кез келген тарихи тұлға немесе мемлекет өзінің жетістіктерін жеңісті күндерінің көптігінен емес, жеңіліс тапқан күндерінің аздығымен өлшегені абзал деп есептеймін. Ал әрбір сәтсіздік пен жеңіліс - субъектіні болашақта қателік жасамауға жетелеуі тиіс. Біздің елдің Ресей империясының боданы болған аралықтағы тарихы - Тәуелсіз қазақ елінің біртұтас тарихының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қазақ даласында хандық билік жойылып, оның орнына ресейлік әкімшілік енгізген үш сатылы басқару билігі жұмыс істей бастады. Қазақ жеріндегі биліктің басқару формасын өзгерткен Патшалық Ресейдің алғашқы заңды құжаты 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғы» болды. Оған сәйкес Ресеймен шекаралас және шекараға таяу орналасқан Орта жүз қазақтарының қоныстары ауыл, болыс және округке бөлінді. Бір округтың құрамына 15-20 болыс кірді (Абдрахманова, 1998:43). Ресей империясының оңтүстік шекараларының ұлғаюымен және қазақ жерін толығымен басып алуына байланысты 1868 жылғы «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бойынша қазақ даласында жаңа әкімшілік басқару жүйесі енгізіліп, облыс, уезд, болыс және ауыл болып бөлінді. Қазақстанның батыс, солтүстік, шығыс және оңтүстік аймақтарында жаппай болыстар құрылып, уақытша ережеге сәйкес әр болыста халық саны 1000-2000 түтінге дейін жетті

(Временное положение об управлении в областях Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской, 1883:12). Енгізілген әкімшілік органдар қазақ даласындағы дәстүрлі басқару жүйесін қиратып, ғасырлар бойы қалыптасқан әкімшілік билік иерархиясын ығыстырып шығара бастады.

Әдебиеттерге шолу

Қазақ жерінде жүргізілген саяси-экономикалық және әлеуметтік мәселелерге байланысты патшалық кезеңдегі орыс зерттеушілерінің еңбектері арналған.

Қазақ даласында енгізіліп жатқан саяси-әкімшілік реформалар мен оның салдары жөнінде жазылған еңбектерді екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа қазақ жеріне қызмет бабымен ауысып келген әртүрлі деңгейдегі офицерлер мен шенеуніктерді жатқызуымызға болады. Екінші топқа арнайы ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу үшін келген ғылыми қызметкерлерді айтуға болады. Осыған байланысты орыс зерттеушілерінің бірнеше еңбектерін салыстыратын боламыз. Ендігі кезекте бірінші топқа кіретін зерттеулерді қарастырамыз, олардың қатарында Торғай облысының мал дәрігері болып қызмет жасаған А.И. Добросмысловты айтуға болады. Автордың «Тургайская область. Исторический очерк» атты еңбегінде Торғай облысының саяси-территориялық қалыптасу тарихын, географиялық ерекшеліктерін нақты көрсетеді. Торғай облысы аумағында уездердің құрылуына байланысты әскери губернатор Баллюзектің 1868 жылы 12 наурыздағы генерал губернаторға жазған рапортында Торғай облысының Николаевский мен Торғай уездерінің толық құрылып болғандығын, Ырғыз уезінде тек бар болғаны екі болыс құрғандығын, ал Илецкий уезінде ең қолайлы сәттің өзінде бес болыс құрғанын, әрі қарай қырғыздардың (қазақтар) қарсылығынан болыстарды құру мүмкін еместігін баяндайды. 1868 жылдың маусым айының басына қарай ғана Торғай даласының қырғыздары тынышталып, әскери губернатор Баллюзек шекті мен төрт қара руларының 11 мың адамынан 5 болыс құрып қайтқандығы жазылады (Добросмыслов, 1902:470).

Орынбор ведомоствасының қазақтарына реформаның енгізілуіне байланысты қиыншылықтар жөнінде екінші бір автор өз еңбегінде қарастырады. Н.А.Середа «Из истории волнений в Оренбургском крае» атты еңбегінде Уақытша ереженің енгізілуіне байланысты қателіктердің орын алғанын айтады. Н.Середаның зерттеуі Орынбор ведомоствасының территориясындағы болыстардың құрылуына байланысты 1868 жылғы әкімшілік жаңашылдыққа Торғай облысы қазақтарының үлкен қарсылығы баяндалады.

Біріншіден, орталық «Ережені...» дайындау барысында Петербор қаласындағы статс-секретарь И.И.Бутковтың комиссиясында қазақ халқының тұрмыс тіршілігін білетін В.В. Григорьев, М.В. Ладыженский сияқты даланы зерттеуші мамандардың қатыспағандығын, ең болмағанда тағдырлары шешіліп жатқан, орыстардың сеніміне кірген бірде-бір қазақ баласының болмауы да әсер етті деп сын айтады.

Екіншіден, Қазақ даласын зерттеуге жіберген Ф.К. Гирс комиссиясының өзі кеңселік құпияны сақтап, комиссия жұмысына қазақтарды араластырмады. Комиссия мүшелерінің сауалдарына көшпелілер күмәнмен қарай бастады. Айналып келгенде Ф.К. Гирс

комиссиясының жұмысы халық арасында түсініксіз болып, түрлі өсек әңгімелер көбейіп, қазаққа зияны бар дүние дайындалып жатыр деген ой тұжырым қалыптаса бастағандығы да көрсетіледі.

Үшіншіден бұқаралық ақпарат құралдарында да енгізілетін реформа туралы теріс мінезді әңгімелер болып, халықты күннен күнге үрейлендірді. Н.С. Середа еңбегінде әкімшілік реформаның енгізілуіне қарсы халық арасында толқулардың шығу себебін нақты ашып көрсетеді. Негізгі себептердің бірі ретінде Қазақ даласында болыстардың құрылуы болды деп анықтайды (Середа, 2006:143). Реформаны енгізуде ең негізгі қателік деп А.И. Добросмысловта, Н.А.Середада -1869 жылы 1-қаңтардан бастап асығыс енгізілуі болды деп есептейді. Әрине асығыс, түсіндірме жұмыстарынсыз енгізіле бастаған реформаның салдары халық арасында көтерілістің басталуына жол берді.

Реформаның Қазақстанның оңтүстігінде енгізуі мен оның жұмысы жөнінде тарихи баға берілген тағы бір еңбек ол - 1908-1910 жж. аралығында К.К.Паленнің Түркістан өлкесінде жүргізген сенаторлық тексеру комиссиясының материалдары бойынша Жетісу мен Сырдария облыстарындағы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүргізілген реформалар мен саяси өзгерістер сипатталып, сыни талдау жасалады. Сенаторлық тексеру комиссиясының негізгі мақсаты жөнінде әскери министрдің бұйрығында былай делінген: «Тексерудің негізгі мақсаты өлкені Ішкі істер министірлігі құзырына басқаруға беру алдында, өлкеде қалыптасқан саяси-қоғамдық жағдайды толық анықтап білу, кейбір мәселелерді зерттеу, комиссияның негізгі көңіл бөлетін істері - қоныс аудару мәселесі... Сонымен қатар тексеру барысы жаңадан құрылған басқарма аралық ерекше жиналысқа, Түркістан өлкесін басқарудың ережесін дайындауға аса құнды мәліметтер жинауы тиіс», - деп көрсетіледі. Дегенмен, Сенаторлық тексерудің негізгі мақсаты жөнінде кеңестік зерттеуші П.Н. Шарованың «Орта Азиядағы патшалық қоныс аудару саясаты» атты ғылыми мақаласында: «Түркістан өлкесіндегі патша шенеуніктерінің бүлінгені соншалық, өңірдегі қоғамдық жағдайдың күн санап шиеленісіп, патша билігі үшін үлкен, ауыр зардап тигізеді. Сол себепті де Түркістан өлкесіне сенаторлық тексеру жіберіліп, оны басқарған Паленнің негізгі міндетіне Орта Азиялық канцелярияларындағы әр түрлі деңгейдегі паракорлар мен қазына тонаушылардан тазарту» (Шарова, 1940:16) деген пікір білдіреді. Әрине, сенаторлық тексерудің ресми мақсаттары мен ғалымдардың берген тұжырымдары арасында алшақтық байқалады. Реформаның жүзеге асуы және уақыт өте келе жұмыс істеу механизмінде қазақ халқының саяси мәдениетінің дамуына үлкен зиянын тигізгенін байқатады. Атап айтқанда, уез әкімшіліктерінің шенеуніктері өздеріне қарасты аймақтарда болып жатқан әр түрлі заңсыз іс-әрекеттерден хабардар бола тұра, ешқандай шара қолданбастан, керісінше, өздері соның қозғаушы күшіне айналды. Яғни, уез әкімшілігі өздерінің іс-әрекеттері нәтижесінде түрлі заңсыз жолмен келген пайдаларға (ақшалай, бағалы сыйлық т.б.) кенелуге мүмкіндіктері болды. Оның себебі, әкімшілік реформа бойынша уез басшыларының қолына жергілікті халыққа салықтың барлық түрін салуға, алымдар мен міндеткерліктерді орындату, болыс әрі ауыл басшыларының сайлауын өткізу, әрі оларды тағайындап, оларды қызметтерінен босату және т.б.

Мұның бәрі уез шенеуніктерінің тез баюына мүмкіндік берді. Патшалық отаршыл жүйенің жергілікті жердегі әкімшіліктерінің мұндай «заңсыз табыстарының» болуы мен өмір сүру қағидаттары туралы граф К.К. Пален: «Естественно что на далекой окраине, на некоторой правильной государственной жизни зародилась лишь 40 лет тому назад, для облеченных обширною властью чиновников представляет особенно сильный соблазн пользоваться своим положением для личных корыстных целей или злоупотреблений путем превышений своих полномочий. Поэтому обнаруженные ревизией должностные преступления не могут быть признаны по всей важности выходящими из пределов того, что в этом отношении можно, вероятно, найти и в губерниях внутренней России» (Отчет по ревизии Туркестанского края, приведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом, 1910:25).

Орыс зерттеулерінің екінші тобына экспедициялық кіреді. Уақыт өте келе реформа енгізіліп, толық қанды жұмыс істей бастағандығы жөнінде тарихи, статистикалық әрі этнографиялық мәліметтерді келтірген негізгі еңбек ретінде – Ф.А. Щербина бастаған 12 уезді зерттеген экспедицияның материалдарының «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдарының...» 12 томын жатқызамыз. Ф. Щербина экспедициясы 1896-1903 жж. далалы Ақмола облысының 5 уезінің құрамына кірген 51 болыс жөнінде, Семей облысының 5 уезінің құрамына кірген 77 болыс жөнінде, Торғай облыстарының 4 уезінің екеуінің құрамына кірген 22 болыс жөнінде нақты статистикалық мәліметтер келтіріледі. Оның жинаған «ҚЖПМ», бір жағынан, статистикалық, ал екінші жағынан, этнографиялық және сан түрлі позициялардан құнды мәліметтер бере алатын еңбек. «Қырғыздардың (қазақтардың) жер пайдалану материалдары...» Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Павлодар, Қостанай, Қарқаралы, Ақтөбе, Зайсан, Өскемен, Семей, Омбы, Петропавл уездерінің құрамына кірген болыстардағы ауылдар саны, түтін саны мен халық саны жөнінде толық мәлімет беріп қана қоймай, олардың атауларына да тоқталып кетеді (Щербина, 1907: 470).

Н.А. Середаның, Ф.А. Щербинаның, К.К. Паленның еңбектері XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ даласына енгізілген әкімшілік реформалар мен оның салдары жөнінде жан-жақты мәлімет беретін құнды зерттеулер болып табылады. Сонымен қатар Қазақ даласында реформаға сәйкес құрылып жатқан болыстар жөнінде құнды мәліметтерді алуға болады. Тек аталған авторлардың еңбектері болыстық билеушілер институты мен оның қызметіне жеке арналмаған.

Қазақстан тарихы ғылымында әкімшілік реформалардың енгізілуі үдерісін зерттеуге арналған бірқатар еңбектер бар, солардың қатарында Г.С. Сұлтанғалиева, Б.С. Әбеннова, И.В. Ерофеева, Б.Ж. Абдрахманова, У.С. Ибраев, Т.Т. Далаева және т.б. еңбектерін жатқызуымызға болады. Дегенмен, жоғарыда көрсетілген авторлар XIX ғасырдағы Қазақ даласын зерттеушілер еңбектеріне жалпы сипаттамалық шолу жасаған. Ал, біздің негізгі мақсатымыз Бақай болысындағы болыстық қызмет істеген билеушілердің сайлану үдерісі мен басқару ерекшеліктері, Ресей әкімшілігімен және қарапайым халықпен арадағы байланыстарды жан-жақты ғылыми зерттеп, жүйелі салыстырмалы талдау жасау.

Ендігі жерде бүкіл Қазақ даласы үшке бөлінді: Батыс Сібір, Дала

және Түркістан генерал-губернаторлықтарына. Ал, Түркістан генерал-губернаторлығы Сырдария және Жетісу облыстарынан құралды. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында империялық отарлау бағдарламасының бір бағыты ол - қазақ елінің құнарлы жерлеріне орыс – славян халықтарын қоныстандырып, орыстандыру саясатын дамыту еді. Верный уезінің құрамында қазақтардан басқа ұлт өкілдерінен құралған болыстар да болды.

Методология

Мақалада тарихи принцип негізге алынып, салыстырмалы әдіспен Бақай болысына талдау жасалды. Архив құжаттары негізінде Бақай болысының ауылдарына сипаттама жасалынып, әскери губернаторға жасалған өтініштер негізінде әлеуметтік мәселелерге объективті талдау жасалынды.

Негізгі бөлім

Не себепті біздің қызығушылығымызды Бақай болысының тарихы туғызды деген сұраққа жауап іздеп көрейік. 1) Бақай болысы қазақ жерінің Қытаймен шекараға жақын орналасқан аймағы болып табылады. 2) Бақай болысын басқарған болыстық билеушілерге қатысты тарихи жазба деректер мұрағат қорларында жақсы сақталған. Сонымен қатар қазақ жерін пайдалануға байланысты XX ғасырдың басындағы орыс зерттушілерінің еңбектерінде де кездеседі. 3) Болыстық билеушілер арасындағы өзгерістер айқын көрініс тапқан.

Біз қарастыратын Бақай болысы уезд құрамына енген жергілікті қазақтар мекендеген 17 болыстың бірі еді. Бақай болысы, негізінен, Верный уезінің оңтүстік бөлігінде ел арасында Бақай тауы аталып кеткен Іле Алатауының етегінде орналасып, құрамына он екі әкімшілік ауыл кірді. Бақай болысы – сонау XVII ғасырдың соңында Әжібай батыр салған, «Үлкен Түрген арығы» атанған жарманың (каналдың) екі жағалауынан шығысқа қарай созылып жатқан аталмыш таудың батыс етегіне шейінгі жерді иемденген еді. Бұл болысқа Қызылбөрік руының бір атасымен қоса Албанның Аққыстық, оның ішіндегі Жайын деп аталатын руы енген. Болыстың жайлауы Асының батыс өңірі, қыстауы Есік және Түрген өзендерінің Іле құймасы болды (Тәнекеев, 2013:165). Болыстың құрамына енген әкімшілік ауылдар мынадай қыстауларға орналасты: Ырғайлы сай, Қана-сай, Қаратүрік, Жиде, Баба, Құр-арна, Құр-шілік, Шолақ, Үйеңкі, Терең-қара, Есдәулет, Борлы сай, Теректі, Бұрған-су, Сары-қора, Қаратүрік бел, Шеңгелді, Мыңтай, Қарасай, Арал-құм, Бел-Шапдар, Тоқасай, Жаман-бұлақ, Қатанаш, Орал-құм, Торғай, Ақ-ши, Киікбай, Сүгір, Аң-шешек, Бақай, Сасық-көл, Қоржын-тоған, Айрауық, Көк-жар, Қызыл-мойнақ, Қайың-сай, Боз-енген, Жүнді-Жұдырық, Еке-Аша, Жантілес, Ақ-бұлақ, Қызыл-жар, Құр-қопа, Көк-жар, Боран-су, Орта көк-жар, Жалғыз-ағаш, Асалбай, Төре-Тоған, Ашы-бұлақ, Қара жота (Румянцев, 1913:4-159). Бақай болысының территориясын мекендеген ауылдар, негізінен, дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысқандықтан маусымдық көшулер кезінде жаз күндері таулы аймақтарды қоныстанды.

Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағат қорларындағы істерде 1897 жылғы 19 тамыздағы Жетісу облысы әскери губернаторының бұйрығы бойынша 1898-1900 жж. аралығына жергілікті әкімшіліктің

лауазымды қызметіне сайланған адамдардың тізімі беріледі. Осы тізімге сәйкес Жантай Қарашев алғаш рет болыстық билеуші болып сайланады. 1898 жылдан 1907 жылға дейін 3 рет болыстық билеуші болып сайланып, яғни тоғыз жыл бойы болыстық билеуші қызметін атқарады. Бақай болысының құрамына кіретін әкімшілік ауылдардың биі болып: №1-Оңғар Меңлібаев, кандидаты Аманкүл Базаров, №2-Белдібай Төребаев, кандидаты Қырықбай Орашбеков, №3-Қалдыбай Сеитов, кандидаты Жұбаныш Еркін, №4-Өтеп Қандыбаев, кандидат Қарабай Жамғұршын, №5 - Құрманай Аюкин, кандидаты Тоқжігіт Қарабақсы, №6-Түнғатар Ақатаев, кандидаты Жұмағұл Екібасов, №7- Дүйсен Жаманов, кандидаты Қасқараубаев, №8 Билебай Анламасов, кандидаты Жарып Бейбітов, №9-Ақмолда Көсепов, кандидаты Мыңжасар Орақбаев, №10-Құламбет Тұрсынбаев, кандидаты Исекбай Туғанбаев, №11-Ақсақал Биекин, кандидаты Күненбай Жакеев, №12-Тойлыбай Сексенбайев, кандидаты Ақберді Шикеневтер сайланады (ҚР ОММ, 845-іс,2-п).

1907 жылы 7 қаңтарда Верный уезі басшысының Жетісу облысының әскери губернаторына жазған баянатында Бақай болысының екі қырғызы (қазақ) әділетсіз сайлау өткізілді деп арызданғандығы жайлы айтылады. Уезд басшысы сайлаудың әділ және барлық талаптарға сай өткізілгендігін, сайлау үдерісі кезінде және сайлаушылар дауыстарын санау кезінде уезд басшысы көмекшісінің, салық инспекторы Бисеров, Петербордан келген салық ревизоры стат кеңесші Смирнов, сонымен қатар басқа болыстардан құрметті қырғыздар (қазақ): Шамалған болысынан Манке Измаилов, Шығыс – Талғар болысынан Абдусамет Стамбеков, Батыс – Талғар болысынан Саржан Базилевтердің бақылаушы ретінде қатысқандығы баяндалады. Жалпы болыстық билеушіні және басқада жергілікті әкімшілік басшылығымен өкілдерін сайлау барысында сайлаудан жеңіліп қалған қарсы жақтың өкілдерінен көп жағдайда арыз шағымдар түсіп, сайлау нәтижесімен келіспейтіндігін білдіріп отырған. Дегенмен сайлаудың қорытындысы бойынша Бақай болысының болыстық билеушісі болып Сейсеке Байкемпіров сайланады. Болыстық билеушіге кандидат болып Биімбай Англмасов сайланады (ҚР ОММ, 2477-іс,13-п.). Оған дейін үш рет болыстық билеуші болып сайланған Жантай Қарашев 1907 жылы №1 әкімшілік ауылдың биі болып сайланады.

Сейсеке Байкемпіров Бақай болысына болыстық билеуші болып сайланғаннан кейін оны қызметтен босатылуы мүмкін деген өсек тарады деп, 1907 жылы 20 маусымда Жетісу облысының әскери губернаторына жазған өтінішінде былай дейді: *«По частным слухам я узнал, что Зайцевский участковый пристав подал Верненскому уездному начальнику рапорт, ходатайствуя о смещении меня с должности волостного управителя и о назначении вместо меня бия №1 аула Джантая Карачева.*

Между тем я не знаю за собой никакой вины, за который меня следовало бы сместить с должности волостного управителя, а наоборот предшестик мой Джантай Карачев будучи в прошлом году волостным управителем, оставил недоимок кибиточной подати 3400 руб. И жалованья туземной волостной администрации 1400 руб.

Все эти недоимки я уже пополнил и кроме того взыскал с населения волости земского сбора за текущий год 1050 руб. И 200 руб. жалованья

администрации и деньги здал в Верненское казначейство...» (ҚР ОММ, 2477-іс,89-п.). С. Байкемпіровтың өтінішінен байқағанымыз белгісіз себептермен болыстық билеуші қызметінен босатылуы жөнінде Зайцев учаскесінің приставы оны қызметтен босатып, оның орнына былтырғы болыстық билеуші №1 ауылдың биі Жантай Қарашевті тағайындайды дейді. Бірақ өзінің болыстық билеуші қызметін адал атқарып жүргендігін айтып, керісінше, Жантай Қарашев болыстық билеуші қызметінде болған кезде түтін салығын дұрыс жинамай 3400 сом кем болғаны, болыстық әкімшілік қызметкерлерінің жалақыларын 1400 сом берілмегендігін айтады. Аталған кемшіліктердің орнын толтырғандығын және 1050 сом жер салығын, 200 сом әкімшілік қызметкерлерінің жалақысын Верный қазынашылығына өткізгендігін айтады.

С. Байкемпіров болыстық билеушінің негізгі қызметтерінің бірі болған түтін салығын жинау барысында №1 әкімшілік ауылдың биі Ж. Қарашевтің кедергі келтіріп отырғанын былайша баяндайды: *«...Раскладка всех сборов по благосостоянию кибитковладельцев закончена во всех аулах волости только 10 сего июня, а в первый аул, в аул, который управитель Джантай Карачев, раскладка еще не окончена, благодаря чему с аула этого я не имею возможности взыскать ни одной копейки.*

Мало того что бий Джантай Карачев не сделал раскладки в своем ауле, он мешал делать раскладку и в двух аулах, печему раскладка натянулась до сего времени...» (ҚР ОММ, 2477-іс,90-п.). XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ тарихына қатысты мұрағат құжаттарынан білетініміз, болыстық билеушілердің үстінен өз жерлестері жазған шағымдардың көп болғандығы.

1907-1909 жылдар аралығында Сейсеке Байкемпіров болыстық билеуші қызметін атқарады. 1910 жылдың шілде айында Бақай болысында орын алған тәртіпсіздіктерден кейін Верный уезінің басшысының ұсынуымен Уақытша Ереженің 70 бабына сәйкес Бақай болысына болыстық билеуші лауазымына Мойынқұм болысының №5 әкімшілік ауылының биі болып қызмет жасаған Ғали Ордабаев бекітіліп, болыстық билеушінің кандидаты қызметіне Бақай болысының қырғызы (қазақ) Алпысбай Серікбаев бекітіледі. Ғали Ордабаев 1910 жылдың 1 шілдесінен 1911 жылдың 1 сәуірі аралығында болыстық билеуші қызметін абыроймен атқарып, заңға сәйкес болыс аумағында тәртіп орнатады. 1911жылдың 19 тамызында Жетісу облысының әскери губернаторының №348 бұйрығына сәйкес *«Бакайский волостной управитель Галий Урдобаев освобождается от должности, согласно просьбе его, по домашним обстоятельствам, кандидат по нем Алпыспай Серикбаев, как зарекомендовавший себе бездеятельным волостным управителем во время исполнения этой должности, освобождается от звания кандидата»* (ҚР ОММ, 3743-іс,202-п.). Ғали Ордабаев болыстық билеуші қызметінен, Алпысбай Серікбаев болыстық билеушінің кандидаты қызметінен босатылады.

Бақай болысына Ордабаевтан кейін болыстық билеушілік қызметке Алпыспай Серікпаевтың кандидатурасын ұсынатын осы болыстың қырғыздары атынан (қазақ) сенімді өкілдер Бактыбай Тортайғыров пен Дос Байсаловтың 1911 жылы 8 тамызда № 2573 Жетісу облысының әскери губернаторына жазған өтініші дәлел бола алады: *«...Алпысбай*

Серикбаев за короткое время своего служения в должности волостного управителя много оказал энергии, а именно: принял меры к прекращению конокрадства, оказывал всевозможные содействия во время прохождения войск в Джаркент через сел. Зайцевское, к назначенному начальником уезда сроку покончил первую половину податных денег, растрату казенных и общественных денег не призывал, оказывал нужные содействия приезжавшим в волочинам переселенческого управления и хорошо знает обычные право и вообще в нем общество ни чего худого не встречает...» (ҚР ОММ, 3255-іс,28-п.). Соньмен қатар Бақай болысының халқы Алпыспай Серікбаевтың қызметіне сенетіндігін және көптен күткен нағыз мықты билеуші ретінде оны мойындайтындығын айтады. Өкінішке қарай Алпыспай Серікбаевтың кандидатурасын ұсынған сұраулардың мәтінін мұқият зерттеп қарайтын болсақ: *«...Как только Урдабаев возбудил ходотайство об увольнении его со всем от должности, то г. Зацевский участковый пристав вошел с ходотайством перед начальником уезда о назначении в эту волость киргиза Кашак Кожамжарова, никогда не служившего волостным управителем и незнающего порядка по управлению народом...»* (ҚР ОММ, 3255-іс,28-п.). Серікбаевтың кандидатурасын қолдаушылардың жазған сұрауларының бар болғанына қарамастан оның бұл қызметке бікітілуі мүлде қарастырылмайды. Себебі Ф. Ордабаев демалысқа шыққан аралықта А. Серікбаев болыстық билеушінің міндетін атқарып ол уақыттағы оның қызметі жөнінде Верный уезінің басшысы Жетісу облысының әскери губернаторына 1911 жылдың 18 шілдесінде № 2168 баянатында, былайша баяндайды: *«Ныне исправляющего должность волостного управителя за увольнением в отпуск Урдабаева, из кандидатов киргиза Алпыспая Серикбаева, оказавшегося за время своего служения в должности волостного управителя бездеятельным, прошу устронить с должности кандидата волостного управителя»* (ҚР ОММ, 3255-іс,18-п.).

Бақайболысының қырғыздары жазған өтініштерден, уезд басшысының әскери губернаторға жазған баянаты салмақтырақ болып, 1911 жылы 19 тамызда Жетісу облысы әскери губернаторының № 349 бұйрығына сәйкес Бақай болысының болыстық билеушісі лауазымына – Қашак Қожамжаров, болыстық билеушіге кандидат лауазымына Джаимбай Манхожин бекітіледі. *«Согласно представления Верненского уездного начальника назначаются до окончания трехлетия 1910 – 1912 гг. в должности волостного управителя Бакайской волости Кашак Кожамджаров и кандидата по нем Джаимбай Манхожин».* Бұйрықтың мәтінінен аңғарғанымыз Қашак Қожамжаров пен Жайымбай Манхожин елуліктердің дауыс беруі арқылы сайлауға қатыспай, уезд басшысының ұсынысы бойынша 1910 – 1912 жж. яғни үш жылдық аяқталғанға дейін қызметтік лауазымдарына бекітіледі.

1915 жылы 7 қыркүйекте Жетісу облысының әскери губернаторының № 487 бұйрығы бойынша Бақай болысының болыстық билеушісі лауазымына 1916-1918 жж. үш жылдыққа Наурызбай Бижебаев, оған кандидат лауазымына Байсейіт Айнабеков және болыс құрамына кіретін әкімшілік ауылдарға би болып: №1 ауыл Жантай Қарашев, кандидаты Жексембі Айбеков, №2 ауыл Бөкенбай Ақжолов, кандидаты Жанұзақ Байтеев, №3 ауыл Аманжол Аюкин, кандидаты Есжан Құрманбаев, №4 ауыл Жұмағұл Манбасов, кандидаты Абыхан Ходжамжаров, №5 ауыл

Баянбай Медеуов, кандидаты Шокпар Рысқұлов, №6 ауыл Сайлы Дедеков, кандидаты Оразалы Құлмамбетов, №7 ауыл Асаубай Құлманбаев, кандидаты Назарбай Абыскин, №8 ауыл Боранбай Ақсақалов, кандидаты Ақсақал Биекин, №9 ауыл бұрынғы болыстық билеуші Сейсеке Байкемпіров, Ыстыбай Шойтаев, № 10 ауыл Қалдыбай Сейітов, кандидаты Ахмет Рүстемов, № 11 ауыл Демеу Жалмамбетов, кандидаты Иманқұл Битібасов, № 12 ауыл Дауылбай Тастамбеков, кандидаты Диканбай Көмеков, и №13 ауыл Суанбай Қарауылов, кандидаты Тастан Шарусов бекітіледі (ҚР ОММ, 4629-іс,4-п.).

Бақай болысының болыстық билеушісі болып сайланған Наурызбай Бижебаев бір жылдан кейін қайтыс болады. Оған дәлел 1917 жылы 6 ақпанда болыстық билеушінің кандидаты Байсеит Айнабековтың уезд басшысына жазған баянаты және уезд басшысының 1917 жылдың 14 ақпанында Жетісу облысының әскери губернаторына жазған № 696 баянаты болып табылады. Баянатта сонымен қатар Наурызбай Бижибаевты қайтыс болуына байланысты жергілікті әкімшіліктің лауазымды тұлғалар тізімінен шығарып, оның орнына болыстық билеуші қызметіне болыстық билеушіге кандидат Байсейіт Айнабековты тағайындауын сұрайды (ҚР ОММ, 4629-іс,5-п.). Бақай болысына болыстық билеуші болып тағайындалған Байсейіт Айнабеков арада 5 ай өткеннен кейін қызметінен босатылады.

Қорытынды.

Ресей империясын 304 жыл басқарған Романовтар әулеті тақтан құлатылып, оның орнына Уақытша өкімет билікке келіп, жаңа билік жергілікті әкімшілік басшыларын да ауыстыра бастайды. 1917 жылы 28 шілдеде Жетісу облысындағы Уақытша өкімет комисары Шкапсийдың № 517 қауылысына сәйкес Верный уезі Бақай болысы тұрғындарының сайлауы бойынша болыстық комиссар қызметіне Сәлім Наурызбаев, ал болыстық комиссарға кандидат болып Иманбек Ыдрысов сайланады (ҚР ОММ, 4629-іс,10-п.).

XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басындағы Қазақ даласында жүргізген Ресей империясының отарлау саясатын күшейту арқылы, жергілікті әкімшілік деңгейдегі басшыларды өз ықпалында ұстады. Болыстық билеушілерді, билерді, ауыл старшындарын сайлауды қатаң қадағалауға алды. Сайлау үдерісін қалауларына сәйкес реттеп отырды деп айтуға толық негіз бар. Әділетсіз сайлаулар өткізу арқылы қарапайым халық арасына іріткі салып отырды. Болыстық билеуші лауазымына таласқан қазақтардың жазған арыз - шағымдарын империялық мүддені жүзеге асырушы шенеуніктер өз пайдалары үшін ұтымды қолданды. Бақай болысындағы өткізілген болыстық билеуші қызметіне сайлаулар үдерісі соның нақты дәлелі бола алады. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін, Орталық Ресейде саяси биліктің өзгеруі, Қазақ даласындағы жергілікті биліктің де өзгеруіне алып келді. 1868 жылдан 1917 жылға дейін болыстық билеуші атанып келген лауазым, ендіге жерде болыстық комиссар лауазымына өзгерді. Лауазымның атауы өзгергенімен, әкімшілік-территориялық және қызметтік нұсқаулық мәселелері айтарлықтай үлкен өзгеріске ұшыраған жоқ.

Әдебиеттер:

Абдрахманова Б.М. История Казахстана: Власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке (1998). Астана: Елорда.

Временное положение об управлении в областях Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской (1883). Санкт-Петербург: типография Министерства внутренних дел.

Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк.// Известия ОРГО (1902). Выпуск 17.Тверь. – С. 275-52.

Серета Н.А. Из истории волнений в Оренбургском крае//История Западного Казахстана в трудах русских исследователей. Сборник материалов (2006). Актобе. – С. 93-143.

Шарова П.Н. Переселенческая политика царизма в Средней Азии // Исторические записки (1940). №8. – С.14-20.

Отчет по ревизии Туркестанского края, приведенной по Высочайшему повелению Сенатором Гофмейстером Графом К.К. Паленом.Областное управление (1910). Санкт-Петербург.

Щербина Ф.А. Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей Акмолинская область. Акмолинский уезд (1907). Том 3. часть 1. Петербург: Типография «Т-ва Художественной Печати». – С. 294-297.

Тәнекеев С. (2016). Қарқара – Албан көтерілісі. – Алматы: Ан Арыс. Материалы по обследованию туземного и русского стражильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева (1913). Т.4. Верненский уезд. Киргизское хозяйство. С.-Петербург.

ҚР ОММ 44-қ., 1-т., 845-іс, 2-п.

ҚР ОММ 44-қ., 1-т., 2477-іс, 13-п.

ҚР ОММ 44-қ., 1-т., 2477-іс, 89-90-пп.

ҚР ОММ 44қ., 1-т., 3743-іс, 202-п.

ҚР ОММ 44-қ., 1-т., 3255-іс, 28-п.

ҚР ОММ 44-қ., 1-т., 3255-іс, 18-п.

ҚР ОММ 44-қ., 1-т., 4629-іс, 4-п.

ҚР ОММ 44-қ., 1-т., 4629-іс, 5-п.

ҚР ОММ 44-қ., 1-т., 4629-іс, 10-п.

References:

Abdrahmanova B.M. Istorıia Kazahstana: Vlast, sistema upravlenıa, territorialnoe ustroıstvo v XIX veke (1998). Astana: Elorda.

Vremennoe polojenie ob upravlenıı v oblastıah Ūralskoı, Tęrgaıskoı, Akmolınskoı ı Semıpalatınskoı (1883). Sankt-Peterbęrg: tipografıa Ministerstva vnutrennih del.

Dobrosmyslov A.I. Tęrgaıskaıa oblast. Istoricheskoı ocherk.//Izvestıa ORGO (1902). Vypęsk 17.Tver. – S. 275-52.

Sereta N.A. Iz istorıı volnenıı V Orenbęrgskom krae//Istorıa Zapadnogo Kazahstana v trędah ręsskih issledovatelei. Sbornik materialov (2006). Aktobe. – S. 93-143.

Sharova P.N. Pereselencheskaıa politika tsarızma v Srednei Azıı // Istoricheskie zapıskı (1940). №8. – S.14-20.

Otchet po revizii Tärkestanskogo kraia, prizvedennoi po Vysochaishemü poveleniü Senatorom Gofmeisterom Grafom K.K. Palenom. Oblastnoe äpravlenie (1910). Sankt-Peterburg.

Sherbina F.A. Materialy po kirgizskomu zemlepolzovaniiü sobrannye i razrobotannye ekspeditsiei po issledovaniiü stepnyh oblastei Akmolinskaia oblast. Akmolinskii äezd (1907). Tom 3. chast 1. Peterbürg: Tipografiia «T-va Hudojestvennoi Pechati». – S. 294-297.

Tanekeev S. (2016). Qarqara – Alban kyterilisi. – Almaty: An Arys.

Materialy po obsledovaniiü tözemnogo irösskogo strajilcheskogo hoziaistva i zemlepolzovaniia v Semirechenskoï oblasti. Sobrannye i razrobotannye pod räkovedstvom P.P. Rämiantseva (1913). T.4. Vernenskii äezd. Kirgizskoe hoziaistvo. S.-Peterbürg.

QR OMM 44-q., 1-t., 845-is, 2-p.

QR OMM 44-q., 1-t., 2477-is, 13-p.

QR OMM 44-q., 1-t., 2477-is, 89-90-pp.

QR OMM 44q., 1-t., 3743-is, 202-p.

QR OMM 44-q., 1-t., 3255-is, 28-p.

QR OMM 44-q., 1-t., 3255-is, 18-p.

QR OMM 44-q., 1-t., 4629-is, 4-p.

QR OMM 44-q., 1-t., 4629-is, 5-p.

QR OMM 44-q., 1-t., 4629-is, 10-p.

FTAMP 03.09.31

Чаргынова Г.О.¹

PHd докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: charginova.gulza@mailru

ЖЕТИШАҺАР МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ ХАЛЫҚТАРЫ: ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ ТАРИХЫНАН (1865 – 1877 ЖЖ.)

XIX ғасырдың 60-70-ші жылдары Шыңжаңдағы ұйғырлар мен дүнгендердің Цин үстемдігіне қарсы көтерілісі нәтижесінде құрылған Жетішаһар мемлекетінің Жетісу өңіріндегі халықтармен өзара байланысы өзіндік маңызға ие мәселе екендігі, сонымен қатар Орталық Азиядағы халықаралық жағдайдың өрбу тарихының ерекше бөлігі ретінде жеткілікті деңгейде зерттеле қойған жоқ.

Жетішаһар билеушісі Жақыпбек Ресей империясымен, Осман империясымен және Ұлыбританиямен байланыс орнатып, ол өзі құрған мемлекеттің халықаралық ауқымда мойындалуы бағытында әтекеттенді. Жетішаһар мемлекетінің құрылуы өз кезегінде Жетісудағы қазақтар мен қырғыздарға өзіндік елеулі ықпалын тигізді. Жақыпбек Жетісудағы қазақтар мен қырғыздарға ықпал ете отырып, Ресей империясының сыртқы сасатындағы ұстанымына өз мүддесіне сай әсер етуге болады деп санады.

Мақаланы жазу барысында Қазақстан Республикасы орталық

мемлекеттік мұрағаты, Өзбекстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты және Қырғыз Республикасы мемлекеттік мұрағаты құжаттарының мәліметтері кеңінен қолданылды.

Кілт сөздер: Жетішаһар, Жетісу, халық, Қоқан хандығы, патша өкіметі, әскери губернатор.

Чаргынова Г.О.¹

¹ PhD докторант, КазНПУ им. Абая

г. Алматы, Казахстан

E-mail:charginova.gulza@mailru

ГОСУДАРСТВО ЙЭТТИШАР И НАРОДЫ ЖЕТЫСУ: ИЗ ИСТОРИИ ВЗАИМОТНОШЕНИИ (1865 – 1877 ГГ.)

Взаимоотношения народов Семиречья и уйгурского государства Йэттишар, созданного в ходе антицинского восстания уйгуров и дунган Синьцзяна в 60 – 70-х гг. XIX века, важная но недостаточно изученная страница истории международных отношений в Центральной Азии.

Правитель Йеттишара Якуб-бекустановилсвязь Российской империей, Османской империей и Великобританией для того, чтобы созданного им государства признали на международной арене. Основание государства Йеттишар оказало значительное влияние на казахов и киргизов Жетысу. В свою очередь Якуб-бек думал о влиянии на Российскую империю, используя казахов и киргизов Жетысу в своих интересах. В статье использованы материалы фондов из Центрального государственного архива Республики Казахстан, Центрального государственного архива Республики Узбекистан и Центрального государственного архива Кыргызской Республики.

Ключевые слова: Йеттишар, Семиречье, народ, Кокандское ханство, царское правительство, военный губернатор

Charginova G.O.¹

¹ PHd doctoral student Kazakh National Pedagogical

University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

E-mail:charginova.gulza@mailru

THE STATE OF YETTISHAR AND THE PEOPLE OF ZHETYSU: FROM THE HISTORY OF THE RELATIONSHIP (1865 – 1877 YEARS).

The interrelations of the peoples of the Seven Rivers and the Uigur state of Yettishar, created during the anti-Czine uprising of the Uighurs and Dungans of Xinjiang in the 60s and 70s. XIX century, an important but insufficiently studied page of the history of international relations in Central Asia.

The ruler of Yettishara Yakub-bek established a connection between the Russian Empire, the Ottoman Empire and Great Britain in order for the state created by him to be recognized on the international arena. The founding of the

state of Gettysar had a significant impact on the Kazakhs and Kirghiz Zhetysu. In turn, Yakub-bek thought about the impact on the Russian empire, using the Kazakhs and Kirghiz Zhetysu in their own interests.

The article uses materials from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the Central State Archive of the Republic of Uzbekistan and the Central State Archive of the Kyrgyz Republic.

Keywords: Jettyshar, Semirechye, people, Kokand khanate, tsarist government, military governor.

Кіріспе

XIX ғасырдың 60-шы жылдарының бірінші жартысында Шығыс Түркістандағы жергілікті халықтар – ұйғырлар мен дүнгендердің Цин империясы үстемдігіне қарсы көтерілісінің орын алуы Ресей империясының Орта Азия аумағына әскери экспансиясының жүзеге асырылуы кезіне түспәтүс келді. Осы әскери экспансияның нәтижесінде Жетісудағы қазақтар мен қырғыздарі Ресей империясы иелігінің тұрғындары ретінде саналды. Сол тұста Шығыс Түркістанда қоныстанған қазақтар мен қырғыздар сонда орын алған көтеріліс барысындағы оқиғалардан шет қалмады. Бұған қырғыз халқының өкілі Сыдықбектің қалыптасқан жағдайдағы мүмкіндікті пайдаланып, аз уақыт болса да Қашғардағы билікке келуі дәлел бола алады.

Қоқан хандығының бас қолбасшысы Әлімқұл Ташкентті орыс әскерлерінен қорғауды жүзеге асырып жатқанда әскер басшылардың бірі ретінде саналған Жақыпбекті Қашғарға шағын отрядпен аттандырды. Жақыпбекке Қашғардағы билікті Бұзырық қожаның қолына алып беру міндеті жүктелген болаты. Бірақ та Жақыпбек Қашғардағы билікті Бұзырық қожадан тартып алды. Көп ұзамай, Шығыс Түркістанның оңтүстік аумағындағы жеті қалада (Қашғар, Хотан, Яркенд, Ақсу, Үштүрпан, Янишаһар, Куча) билік жүргізу мүмкіндігіне ие болып, Жетішаһар деп аталған мемлекеттің билеушісіне айналды. Жақыпбек бұдан соң өз мемлекетінің құрамына Үрімшіні де қосып алды. Жетішаһар мемлекетінің билеушісі ретінде Жақыпбектің есіміне Бадаулет (Бақытты) деген сөз қосылып айтылатын болды.

Жақыпбек Бадаулет Жетішаһар мемлекетіне шекаралас орналасқан Жетісуға өз ықпалын тигізуге күш салды. Өз кезегінде Жетісудағы қазақтар мен қырғыздар да патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсылық көрсетуде Жетішаһар мемлекетіне арқа сүйеуге тырысты. Мұндай жағдай Жетішаһар мемлекеті мен Жетісу халықтары арасындағы өзара байланысқа серпін берді. Бірақ та тарих ғылымында бұл мәселе арнайы зерттеле қойған жоқ. Мұның өзі қарастырылып отырған тақырыптың өзекті екенін аңғарта түседі.

Әдістеме

Жетішаһар мемлекеті мен Жетісу халықтарының өзара байланыстары мәселесін зерттеудің теориялық-методологиялық негізін тарих, философия және т.б. қоғамдық ғылымдар саласында қалыптасқан тұжырымдамалар құрайды. Мұндай тұжырымдамалар қатарына әлемдік-тарихи және мәдени

тарихи тұжырымдамаларын жатқызуға болады.

Әлемдік-тарихи тұжырымдамада халықтар тарихы дамудың бірегей үрдісі ретінде қарастырылса, ал мәдени-тарихи тұжырымдамада еуропалық емес халықтардың артқаалушылығы деген ұстаным қолданылмайды және әрбір мәдени аймаққа өзіндік даму жолы тән екеніне мән беріледі.

Жетісу халықтары мен Жетішаһар мемлекетінің арасындағы байланыс барысында орын алған тарихи құбылыстар мен оқиғалардың астарын терең түсініп, дұрыс пайымдауда мәдени-тарихи тұжырымдамасының орны ерекше. Бұл тұжырымдамаға сәйкес әлеуметтік-мәдени, психологиялық және этникалық факторлардың өзара ықпалдастығына, олардың Жетішаһар мемлекеті мен Жетісу халықтарының арасындағы байланысқа әсері деңгейіне назар аударылады. Сонымен қатар бұл тұжырымдамада Жетішаһар мемлекеті тұрғындары мен Жетісу халықтарының өзара тілдік және мәдени жақындығы ескеріледі. Бірақ бұл әлемдік-тарихи тұжырымдамасының Жетішаһар мемлекеті тұрғындары мен Жетісу халықтары арасындағы байланысты ашып көрсетуде дәрменсіз дегенді білдірмейді. Әлемдік-тарихи тұжырымдамасының арнасында өзара байланысты әлемдік тарихтың әрі Шығыс әлемі тарихының құрамдас бөлігі түсіндірудің мүмкіндігі артады. Сонымен қатар өзара байланысқа сыртқы факторлардың әсерін дұрыс бағамдауға мүмкіндік береді.

Аталған мәселені зерттеуде анализ, синтез, ретроспективалық, салыстырмалы-тарихи және сипаттап баяндау әдістері қолданылды. Осы әдістер негізінде жасалынған тұжырымдар мен қорытындылардың өзара үйлесімді болуы басты назарда ұсталды.

Негізгі бөлім

XIX ғасырдың 60-шы жылдары Цин үстемдігіне қарсы көтерілістің орын алуы кезінде Шығыс Түркістандағы халықтардың дені мүсылмандар болғанымен, олар отырықшы және көшпелі болып екіге бөлінген. XIX ғасырдағы қытайлық тарихшы Вей Юаньның көрсетуінше, отырықшыларды көшпенділер Ресей империясы иеліктеріне дейін айналдыра қоршап жатқан. Вей Юаньның айтып отырған көшпенділер негізінен қазақтар мен қырғыздардан және қалмақтардан құралған. Вей Юань Қашғария аумағындағы көшпенділердің құрамында қырғыздар басымдық танытқанын атап көрсетіп, олар еш қандай салық төлемеді, үкімет алдында еш қандай міндеткерлік атқарамады, оларды өз бектері басқарды, бектерге малдан зекет, астықтан харадж салығын төлеп, өздерін қытайлықтардан тәуелсіз санады және қытайлықтарды өздерін бағындыратындай күшті емес деп есептеп, қытайлық билікті мойындаған отырықшы тұрғындар қоныстанған жерлерге басып кіруде тым еркін сезінді деп сипаттайды (ҚРОММ. 64-қ. 1-т. 5007-іс. 163-п.).

Шығыс Түркістандағы көшпенділердің көп жағдайда қытайлық билікке мойынсұна бермегендігі жөнінде XIX ғасырдың 60-жылдарында орыс консулдығының өкілі Сыртқы істер министрлігіне берген есебінде былай деп жазады: «Қытайлық үкімет қазіргі кезде қол астындағы көшпелілерден

ешқандай салық алмайды. Мұны тұрғындар өз арасынан таңдаған ру басшылары (бектер) жүзеге асырып, көшпелілердің малынан зекет, сонымен қатар кейбір жерлерде салтқа байланысты астықтан алым алады. Бұл бектерге қызметі үшін қытайлық билік өз тарапынан сый ретінде үн береді және оларды қытайлық үлгідегі киім киіп жүруге мәжбүрлеп, шенеуктік лауазымдармен марапаттайды. ... Бұл көшпенділердің тек күшті ғана сыйлайтынын, жеңілдік пен қайырымдылықты үкіметтің әлсіздігінің көрінісі немесе өздерінің құқығы деп қабылдайтынын қытайлық билік есекере бермейтін секілді. Көшпелі тұрғындардың санасында Қытайға бағынбасақ, дербес, тәуелсіз болсақ деген пікір кезіп жүр. Отырықшы қашқарлықтар арасында қытайлықтарға қарсы бағытталған бүлік орын алған кезде көшпелі тұрғындар таудан түсіп, қашқарлықтарға көмек көрсетуге ұмтылады» (ҚРОММ. 825-к. 1-т. 57-іс. 9-п.).

Қашғарияда көшпелілердің құрамында қырғыздар басымдық танытты. Қазақтар негізінен Шығыс Түркістанның Іле аймағы мен оңтүстік Алтай өңірінде қоныстанды. XIX ғасырдың екінші жартысында патша өкіметі шенеуніктерінің есебінше Іле өңіріндегі қазақтар 12027 шаңырақты құраған. Олардың көпшілігі Ұлы жүздің албан және суан, Орта жүздің қызай және байжігіт руларының өкілдері болған (ҚРОММ. 825-к. 1-т. 27-іс. 12-п.). Бұл қазақ руларының адамдары Шығыс Түркістанда орын алған көтерілісті сырттан бақылаушылар ғана болып қоймай, оған тартылды да. Олар Құлжадағы ғана емес, Үрімшідегі де көтерілісшілерге қолдау танытты. Мәселен, байжігіт руының адамдары Үрімші көтеріліске шыққан дүнгендеріне қолғабыс танытып, Цин үкіметінің жергілікті билік орындарындағы өкілдерін жасырып қалушыларға қысым көрсеткен (ҚРОММ. 825-к. 1-т. 5-іс. 2-п.).

Н. Аристовтың Ресей иелігінен Шығыс Түркістан аумағына шекарадан өтушілер қатарында қытайлықтардың және қалмақтардың есебінен дүние-мүлікке иеленіп қалуды көздеушілер бой көрсеткенін айта келіп, оны былайша білдіреді: «Қырғыздар қалмақтарды аяусыз тонады. 1864 жылы желтоқсан айының бас кезінде бұғылықтар, сегізсарылықтар мен сарыбағыштар Сушбодағы буддалық монастырды талан-таражға салды. Наурыз айында 1500-дей бұғылықтар Заграм-Сушун қалмақтарын тонады. ... Қырғыздар тараншылар мен дүнгендердің нағыз одақтастарына айналды. Іле бойындағы солондардың деревняларынан, Чугучак маңындағы қытайлықтардың фермаларын талап-тонап, қырғыздар молынан дүнгендерге азық-түлік жеткізді» (Аристов, 1874:172).

Цин империясының батыс өңіріндегі көтеріліс барысындағы бейберекеттік кезінде қалмақтар да тонаушылыққа барудан шет қалмады. Мәселен, 1867 жылы наурызда қалмақтардың Чоган-Кеген және Уван деген жетекшілері өз тобымен шекараға таяу жердегі, Ресей иелігіне қарасты қазақтардың байжігіт руының малын тонады. Тоналған малды қайтарып алуда байжігіттіктер дүнгендердің көмегіне сүйенген. Қалмақтардың шекарадан өтіп, қазақтардың малын тонауы мәселесі Қытай билігі алдында

Пекиндегі орыс елшілігі тарапынан көтерілген болатын. Осыдан соң Қытай билігі Чоган-Кегеннен шекарадан өтуі туралы түсініктеме алды. Чоган-Кеген өз түсініктемесінде шекарадан өтпедім, керісінше, байжігіттіктер шекарадан өтіп, дүнгендермен бірігіп, қалмақтардың малын тонады деп көрсетті (ӨРОММ. И-715-қ. 1-т. 36-іс. 121-п.).

Патша өкіметінің Орталық Азиядағы жергілікті билік орындары Шығыс Түркістанда орын алған көтерілістің Жетісу өңіріндегі қазақтар мен қырғыздарға ықпалы болу мүмкін деп есептеді. Бұл жайлы алғаш мәселе көтерген Жетісу облысының әскери губернаторы Г.А. Колпаковский болды. Ол осы жөнінде 1867 жылы 16 маусымда Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманға былай деп жазды: «Мен, инсургенттердің Батыс Қытайда биліктің әлсіздігінен алғашқы табысқа жеткен сәтінде-ақ олардың маньчжурларды қуып шығып, онда мұсылмандардың салтанат құратындығын сездім. Батыс Қытайдағы бұл төңкерістің, яғни маньчжурларға қарсы бас көтеріп, жетістікке ие болған халықтың қырғыз даласының шығыс бөлігіндегі өз діндестеріне зор әсері болуы ықтимал. Қытайлық мұсылмандардың азаттығы біздің қол астымыздағы қырғыздардың өз діндестерімен қосылуға деген талпынысын туғызуы мүмкін. Біздің қырғыздарды ұстап тұру жолындағы әрекетіміз бос әурешілік болмауы үшін шекараны көптеген отрядтармен қамтамасыз етуіміз керек» (ӨРОММ. И-715-қ. 1-т. 36-іс. 185-п.).

Патшалық Ресейдің тосқауылдарына қарамастан қазақтар мен қырғыздардың Шығыс Түркістан аумағында құрылған жаңа Жетішаһар мемлекеті мен Құлжа сұлтандығына тартылуға деген талпынсы бөсеңдей қоймады. Әсіресе, Қашғарияда Цин империясы үстемдігін жойып, Жетішаһар мемлекетін құруға қол жеткізген Жақыпбек Бадаулеттің өз қарауындағы халықтың арасында бейберекеттікке жол бермеу бағытындағы іс-әрекеті және бірқатар мешіттер салуы, сонымен қатар киелі орындар саналатын Аппақ қожа, Бибі Мариям және Сатұқ Бограхан кесенелерін қалпына келтіруі түркістандықтардың Жетішаһарға деген қызығушылығын арттыра түсті. Білікті қызметкерлерге зәрулік танытқан Жақыпбек Бадаулет Ресей империясы аумағынанан Қашғарға пана іздеп келеген қазақтар мен қырғыздарды қуана қарсы алып, қызметке қабылдап жатты. Мәселен, Семей қаласынан келген, орыс тілін жетік меңгерген Мірқасым есімді қазақты Жақыпбек Бадаулет Жетішаһар мемлекетінің іс-қағаздарын жүргізетін және дипломатиялық іс-шараларды ұйымдастыратын жауапты қызметке қойды. Мірқасым Жақыпбек Бадаулеттің ең сенімді адамдарының бірінен саналды (ӨРОММ. И-715-қ. 1-т. 62-іс. 271-п.).

Жетішаһар мемлекетіне Ресей империясы аумағынан өтіп кетушілердің басым көпшілігін бұрын Қоқан хандығына қызмет еткен қазақтар мен қырғыздар құрады. Жақыпбек Бадаулет Қоқан хандығындағы танымал әскери қолбасшыларды өз мемлекетінің қызметіне тарта білді (Сборник, 1876: 151). А.Н. Куропаткиннің көрсетуінше, Жетішаһар мемлекеті әскерінің қатарында қазақтар мен қырғыздар аз болмаған (Куропаткин,

1879: 166). Қ. Халид өз еңбегінде Жақыпбек Бадаулеттің қызметіне тартылған қазақтардың ең танымалы Алдыраж датқа болғанын айта келіп, ол жөнінде мынандай пікір білдіреді: «Алдыраж датқа Ақмешітте тұрғанда Яғқубтың (Жақыпбектің) қызметіне еніп, сонымен бірге жүреді. Қуаныш пен қайғысын бірге бөлісіп, хандығында кеңесші-уәзірі қызметін атқарды. Өзі Ұлы жүзден болатын» (Халид, 1992: 47).

Жақыпбек Бадаулет Жетішаһар мемлекетінің билеушісі болмай тұрып-ақ, бұрыннан қазақтар мен қырғыздар арасында танымал еді. Ол 1851-1853 жылдары Қоқан хандығының Ақмешіттегі бегі қызметін атқарған тұсында Ақмешіт төңірегіндегі қазақтармен араласып тұрды (ӨРОММ. И-715-қ. 1-т. 14-іс. 517-п.). Сосын ол орыс әскерлерінің Әулиеата және Шымкент қалаларын жаулауына қарсы күресте қокандық қолбасшылардың бірі ретінде көзге түскен болатын. Жақыпбек Бадаулеттің өжеттілігіне тәнті болған қырғыздар оның шыққан тегін ескерместен, оны қырғыз екен деп, қырғыздың торайғыр руының өкілі ретінде санады. Сонымен қатар қырғыз ақындарының жырларында Жетішаһар билеушісін дәріптеушілік орын ала бастады. Жетісу облысындағы Токмақ уезіндегі қырғыздар арасында Төле манап Жақыпбек Бадаулетке барынша қолдау танытты. Ол 1865 жылдан бастап қырғыздардың ықпалды адамдарымен жолығып, оларды Жақыпбек Бадаулетке қолдау көрсетуге шақырды (ӨРОММ. И-715-қ. 1-т. 36-іс. 361-п.).

Төле манап Жетішаһарға қолдау көрсету бағытында әрекетеніп жатқан кезде Жақыпбек Бадаулет патшалық Ресейдің протекторатына айналған Қоқан хандығының Тара өзенінің жоғары ағысы бөлігіндегі, Үзгенттің Қарадарияға құяр тұсын өзінің иелігіне қосып алды. Соның нәтижесінде бұрын Құдияр ханның қол астына қараған қырғыздардың 400 шаңырақты құрайтын қарабарғы, сарыбарғы және тазбарғы руларының өкілдері Жетішаһар мемлекетінің билігін мойындады (Қырғыз РОММ. И-75-қ. 1-т. 55-іс. 69-п.).

Жетішаһармен шектесіп жатқан Жетісу облысының шекаралық өңірлері әскери отрядтармен күшейтілгеніне қарамастан «Түркістан өлкесін басқару туралы уақытша ереженің» енгізілуіне наразы қазақ және қырғыз өкілдері арасында Жетішаһар мемлекеті аумағына өтіп кетуге деген талпынысты бәсеңдете қоймады. Мәселен, 1867 жылы қыркүйекте Жетісу облысының Қапал уезіне қарасты Алтынемел болыстығының танымал кісілері – Байжан Мекебаев, Сатыбалды Қалқанбаев, Шәріп Саурықов, Исмаил Медетмолдаев, Байназар Ноғайев және Түлен Сырнов астыртын жиын өткізіп, патшалық Ресейдің үстемдігінен құтылу үшін болыстықтың бүкіл халқы болып Жетішаһар мемлекеті аумағына көшіп кету керек деген ұйғарым жасайды. Бірақ олардың бұл әрекеті патша өкіметінің билік орындарына белгілі болып қалуына байланысты жүзеге асусыз қалды. Қапал уезі бастығының шешіміне сәйкес аталған адамдар тұтқынға алынып, олар «Уақытша ережеге» сәйкес әкімшілік басқаруға бағынатындықтарын білдіргеннен кейін ғана абақтыдан босатылды (ҚРОММ. 44-қ. 1-т. 29185-іс.

1-п.).

Жетішаһар билеушісі Жақыпбек Бадаулет Қапал және Верный уезі қазақтарының ықпалды деген адамдарына хат жолдап, оларды өзіне қолдау көрсетуге шақырған. Ол Тезек төреге жіберген осындай хатында патша өкіметіне қарсылық көрсетуге, жаңадан құрыла бастаған Көксу және Қарабұлақ поселкілеріне шабуыл жасауға әзірленуге үндеген. Патша өкіметінің Жетісудағы билік орындарын осындай үндеулермен Жақыпбек Бадаулет әбігершілікке түсіріп жатқан шақта, Тезек төремен туыстық байланысы бар поручик Ғазыболат Уәлиханов қазақтар арасында орыс армиясының күшіне күмәнмен қарайтын сөз таратқан. Осыдан соң Тезек Абылайханов пен Ғазыболат Валихановты тұрақты бақылауға алу уезд бастығына жүктелді (Моисеев, 2006: 47).

Патша өкіметінің жергілікті билік орындары қалайда Тезек Абылайхановты айыпты деп тауып, оны абақтығы отырғызуға тырысып, оған түрлі себеп қарастыра бастады. 1868 жылы Қапал уезінің бастығының көмекшісі майор Здоренко белгісіз біреулердің шабуылына ұшырап, дене жарақатын алып, 15 жылқысы мен қомақты ақшасынан айырылып қалуын патша өкіметі Тезек Абылайхановтың астыртын әрекетінің нәтижесі деп, оны негізсіз айыптайды. Осы іс бойынша патша өкіметі Жетішаһар билеушісімен астыртын байланысы бар деп күдіктенген Тезек Абылайханов пен Алтынмел болыстығының көмекшісі Жәпек Әжиев тергеуге алынып, Қапалдағы абақтыға жабылады. Тезек Абылайханов абақтыдан 1872 жылы 20 тамызда Жетісу облыстық әскери губернаторына арнайы хат жазып барып, босап шықса, Жәпек Әжиев абақтыда қайтыс болды (ҚРОММ. 44-қ. 1-т. 20531-іс. 253-п.).

Жетішаһар билеушісімен байланыс бар деп күдік тудырушылар қатарына Таулы-Жалайыр болыстығының басқарушысы Н. Қарынбаев және осы болыстықтың Ш.Шермақов, Қ. Байғарин, М. Ермеков, поручик Б. Тынысбаев секліді адамдары жатқызылды. Патша өкіметінің жергілікті билік орындары оларды да Қапал уезі бастығының көмекшісі майор Здоренкоға шабуыл жасауға қатысы бар деп айыптап, қысымға алуға тырысты. Осыған орай Қапал уезінің аталған адамдары Шығыс Түркістан аумағына өтіп кетті. Бірақ олар Жетішаһарға емес, Құлжа сұлтандығына барып пана тапты. Тура осындай күдікпен айыпталған Верный уезіне қарасты албан рубының танымал биі Тазабек Пұсырманұлы 1081 шаңырақты құрайтын адамдармен бірге Құлжа сұлтандығына көшіп кетті. Құлжа сұлтаны Алаханның (Әбіл оғлының) қамқорлығына ие болған Тазабек би өз жұртымен Іле алабындағы Тоғызтарауға қоныстанды (ҚРОММ. 44-қ. 1-т. 5649-іс.18-п.).

Жетісу облысының Ыстықкөл уезіндегі қырғыз манаптары Тілахмед пен Мұратәлі де Жақыпбек Бадаулетпен астыртын байланыс жасап тұрады деген күдікке ілінді. Олардың мұндай байланысы жайлы мәліметті Қашғарда сауда жасауға барып, Жақыпбектің қабылдауында болған көпес М.А. Хлудов 1868 жылы наурыздың бас кезінде Жетісудағы орыс билігіне жеткерген еді. Осыдан соң Жетісу облыстық әскери губернаторы Тянь-Шань

отрядының басшысы Головацкийге Тілахмет пен Мұратәлі манаптардың Жетішаһар мемлекетімен астыртын байланысының бар-жоғын тексеруді тарсырды. Сол тұста Ыстықкөл уезінің басшылығы өз тыңшылары арқылы Жақыпбек Бадаулеттің Бұхар әмірімен бір мезетте Ресей империясының иеліктеріне қарсы әскери қимылға көшуге әзірленіп жатқаны және бұл шараға ыстықкөлдік қырғыздар да тартылуға ниет танытып, толқулар туындай бастағаны жөнінде мәлімет алған болатын. Ол бұл мәліметтің шындыққа жанасымдылығына көз жеткізбестен Жетісу облыстық әскери губернаторы атына Ыстықкөл уезінің бастығы мынандай мазмұндағы мәлімдеме жолдады: «1868 жылдың наурыз айының соңғы күндері Қашғар билеушісі Жақыпбектің біздің иелік аумағына ерте көктемде басып кіруге ниет танытқаны жайлы хабар алынды. Ол өз әрекетінің зор табысты болуы үшін Ыстықкөл уезіндегі көптеген манаптармен байланысқа түскен, соның арқасында қырғыздар Жақыпбек келген кезде оған қосылуға даяр боларлықтай жағдайға жеткізілген. ... Қырғыздар арасында толқудың пайда болуына басты себепкерлер – Тілахмет пен Мұратәлі. Оның алғашқысы, бұрындары қырғыздар арасында ықпалды билеуші болған, қырғыздарды басқару туралы енгізілгеннен кейін ол өз ықпалынан айырылған. Ал келесі, Мұратәлі болса шектен шыққан тақуа әрі орыстарға төзімсіз адам ретінде танымал. Ол Жақыпбекпен астыртын байланыс жасаған» (ҚРОММ. 44-қ. 1-т. 43610-іс. 137-п.).

Ыстықкөл уезі басшысының осындай мәлімдемесінен соң Мұратәлі манап тергеуге алынды. Бірақ Мұратәлі өзінің Жақыпбек Бадаулетпен байланысы барын мойындамады. Ал Тілахмет болса сол кезде қайтыс болып, одан жауап алынбай қалды. Жетісу облысында қырғыздарды Жақыпбек Бадаулетке қолдау көрсетуге үндегендер қатарына Тоқмақтағы Төле манап та жатқызылып, уезд бастығының жігі қадағалауына алынды. Жетісу облыстық әскери губернаторы Мұратәлі мен Төле манаптарды ендігі жерде күдік келтіретін іспен шұғылдана қалған жағдайда тұтқындау керек деген ұйғарым жасады. Өйткені, Қашғарға барып сауда жасаған орыс көпестері – Кривошейн мен Хлудовтың қашғарлық Қадірберді деген ақсақалдан алған мәліметтері аталған манаптардың Жақыпбек Бадаулетпен байланыста болғанын негіздей түсетін (ҚРОММ. 44-қ. 1-т. 43610-іс. 137-п.).

Осман Тайлақұлын серіктерімен қоса кері қайтарылмауы өз кезегінде Жақыпбек Бадаулеттің қазақтар мен қырғыздар қоныстанған Ресей империясы иелігіне шабулы жасауға әзірленіп жатыр деген негізделмеген ақпараттың сейіле қоймауына әсер етті. Мұнан соң патша өкіметінің Түркістан өлкесіндегі отарлық билік орындары тексеру жұмыстарын жүргізіп, соның нәтижесінде Жақыпбек Бадаулетке жуырда Қоқан ханы мен Бұхар әмірінің тыңшылары келгенін, олар арқылы патшалық Ресейге қарсы әрекеттер жасауға келіскенін, сонымен қатар Жақыпбек Бадаулеттің Ақсуға өз сарбаздарын шоғырландыра бастағанын және оның қырғыз руларының беделді адамдарымен байланысы барын теріске шығаруға болмайды деген пікірге келді. Билік орындарының пайымдауынша, Қоқан

ханы Түркістан өлкесіне патша өкіметі әскерінің ішкеріліей енуіне Нарын өзені тарапынан Жақыпбек Бадаулет арқылы, Сырдария өңірі аумағында Сыздық Кенесарыұлы арқылы келтіруге тырысқан. Сол тұста Сыздық Кенесарыұлы өз әскерімен Сырдария облысына қарасты Қазалы уезі аумағына қауіп төндіріп, жергілікті билік орындары арасында үрей туғыза бастаған еді (ӨРОММ. И-715-қ. 1-т. 41-іс. 250-п.).

Патша өкіметінің шенеуніктерінің есебінше, Түркістан өлкесіндегі орыс әскеріне қарсы Қоқан хандығы 40 мың, Бұхар әмірлігі 40 мың, Хиуа хандығы 40 мың, Ауғанстан 100 мың, Жетішаһар мемлекеті 100 мың әскер қарсы қоя алатын. Билік орындары Қоқан Хиуа хандықтары мен Бұхар әмірлігі тарапынан ғана емес, Жетішаһар мен Ауғанстан жағынан да болуы мүмкін шабулдан сақтану керек деп санап, мұндай сақтану Торғай және Орал облыстарында 1868 жылғы «Уақытша ережеге» байланысты көтеріліске шыққан қазақтардың сырттан көмек келіп қалар деген үмітін үзеді деп есептеді.

Жетішаһар билеушісі Жақыпбек Бадаулеттің қазақтар мен қырғыздар арасына үндеу таратуын патша өкіметі Осман империясы мен Ұлыбританияның жымысқы әрекетімен байланыстырды. Бұған белгілі дәрежеде Қашғарға сауда өкілі ретінде патша өкіметі жіберген тыңшылардың мынандай мазмұндағы мәлімдесі негіз болды: «Жетішаһардағы Бадаулетке түркиялық диуандар мен ағылшын тыңшылары біздің үкіметтің Қашғарға қатысты ұстанымын бұрмалап түсіндіруде. Бұл державалардың ықпалынсыз бұрын саз балшықтан тұрғызылған қамалдың коменданты болған Жақыпбек қазіргі жағдайына қауіп төндіретін қадамға, үгіт жүргізуге бармас еді» (ӨРОММ. И-715-қ. 1-т. 62-іс. 134-п.).

Мұрағаттық мәліметтерге қарағанда, XIX ғасырдың 70 жылдарының бас кезінде қазақтар мен қырғыздар арасына Жетішаһар билеушісі тарапынан ғана емес, Үрімші сұлтаны тарапынан да үгіт жүргізіп, олардың қолдауын ие болу бағытындағы әрекет жүзеге асырылған-ды. Үрімші сұлтанының қазақтарға арнап таратқан ұнпарақтарының бірін 1871 жылы жазда Семей облысындағы Зайсан бекетінің бастығының қолына түскен болатын (ҚРОММ. 21-қ. 1-т. 20-іс. 190-п.). Сол кезде Жетісу облысының әскери губернаторы Г.А. Колпаковский Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманға жолдаған мәлімдемесінде Қашғарияға жетісулық қазақтар мен қырғыздары арасында ғана емес, Семей облысының қазақтары арасында да көшіп кетушілер бой көрсете бастағанын, жуық арада көшіп кетушілер қатары арта түсуі ықтимал екенін білдірген еді.

Жақыпбек Бадаулет қазақтар мен қырғыздар арасындағы беделді деген адамдарға сый-сияпаттар жасап, олардың құрметіне ие болуды назардан тыс қалдырмады. Мәселен, Алай қырғыздарының ханшасы атанған Құрманжан датқаға Жақыпбек Бадаулет оған өзінің құрметпен қараған (Хасанов, 2004: 147). Ол жыл сайын бір рет өз адамдары арқылы Құрманжан датқаға молынан сый-сияпат жіберіп тұрған. Сондай-ақ Жақыпбек Бадаулеттің билігі тұсында Қашғар саудагерлері қазақтарға арналған тауарларды

Жетісу облысы жеткізіп тұруға мән берді. Тек 1876 жылы ғана қашғарлық саудагерлер арнайы Жетісу қазақтарына деп 890 мың рубльді құрайтын мата әкелген (Касымбаев, 1996:79).

1876 жылы протектораттық құқықтағы Қоқан хандығы түбегейлі жойылып, оның орнына Ферғана облысы құрылғанда Құрманжан датқа бастаған Алай қырғыздары орыс билігін мойындамай, оған барынша қарсылық көрсетіп, Жетішаһарға шектесетін Көксу маңына көшіп барды. Сол жерден Жетішаһар аумағына өтіп кетуге әрекеттенді. Бірақ та Жетішаһар мемлекетінің шеткері жеріндегі белгісіз қарақшы топқа тап болып, төрт түлік малының біразынан айырылып, кері қайтып, Ресей бодандығын қабылдауға мәжбүр болды (Алымбаев, 2009: 199).

Құрманжан датқа Жетішаһар мемлекетіне өте алмай қалған жылы Цин үкіметі Қашғария аумағында өз билігін қалпына келтіру бағытында әрекеттенінуіне байланысты соғыс қимылдары орын алды. Осыған байланысты кейбір қырғыз руларының өкілдері Ресей империясы иелігіне өте бастады. Патша өкіметінің Нарындағы әскери бөлімшесінің бастығы Токмақ уезі бастығына 1876 жылдың 5 қазан күні жолдаған мәлімдемесінде 3-4 қазан күндері Жетішаһар билеушісінің қол астына қарайтын чирик руының 193 шаңырақты құрайтын тобы патшалық Ресейдің иелігіне өткенін хабарлады. Жетісуға келген чирик руының өкілдері өздерінің көшіп келу себебін «Қашғар билеушісінің соғыс жүріп жатқан кезде Жетішаһарда көшіп-қонған қырғыздардан сарбаздарды көптеп алатынымен байланыстырған» (ҚРОММ. 44-қ. 1-т. 32698-іс. 1-п.). Сонымен қатар олардан соғыс қимылдарының басталуына орай жылына әр 30 қойдан 1 қой, 5 түйеден 1 түйе, 10 жылқыдан 1 жылқы алым алынатын болған (ҚРОММ. 21-қ. 1-т. 677-іс. 47-п.).

Жетішаһарда 1876 жылы орын алған жағдайға байланысты көшпелілерден алынатын алым-салықтың артуымен және олардан сарбаз қатарына көптеп адамдардың алынуына байланысты Жетісу өңіріне Қашғария аумағына көшіп келушілер жиілей түсті. 193 шаңырақты құрайтын қырғыздардың чирик руының өкілдерінен соң чоңбағыш руының 50 шаңырақты құрайтын тобы Ыстықкөл маңына көшіп келді. Уезд бастығының мәліметінше бұл қырғыздар Атбаши мен Ақсай маңында көшіп-қонып, тез арада малдарының санын арттырып алған және өздерінің тыныштықты қалайтындықтарын танытып, ешкіммен қақтығыспауға тырысқан. .

Патша өкіметінің шенеуніктері арасында бастапқыда қырғыз руларының шекарадан өтіп көшуін Жақыпбек Бадаулет өз мүддесіне сай пайдалануы да мүмкін деп сезіктенушілік те болды (ҚРОММ. 2003-қ. 1-т. 150-іс. 5-п.). Бірақ, Жетішаһар билеушісі Жетісу облыстық әскери губернаторына Ресей империясы иелігіне өтіп кеткен қырғыздарды кері қайтаруға ықпал етуін сұрады. Жетішаһар билеушісінің осыған орай жолдаған хатында мәліметтерге қарағанда, шекарадан өтіп кеткен қырғыздардың құрамында әскер қатарындағы сарбаздар және олар қазынаға

тиесілі малдарды қоса айдап әкеткен.

Жетішаһар билеушісінің шекарадан өтіп кеткен қырғыздарды кері қайтару жөніндегі өтінішіне орай Жетісу облыстық әскери губернаторы жауап жолдады. Ол өз жауабында шекарадан өтіп кеткен қырғыздарды іздеп табу оңай шаруа емес екенін айта келіп, бұл жайлы пікірін былайша білдірі: «Мұндай адамдарды өз қандастары арасынан іздеп табу қиын, олар бет әлпеті жағынан бір-біріне ұқсас. Оның үстіне қырғыздар өзге халықтың билік жүргізуін жақтыра қоймайды. Егер шекарадан өтіп кеткен қылмыскерлер үндістер немесе парсылар болса оларды ұстап алу қиындық туғызбас еді» (ҚРОММ. 44-қ. 1-т. 32698-іс. 34-п.).

Дегенмен де, Қашақарияда Цин үкіметі билігінің құлауынан соң Жетішаһар мемлекетінің құрылуы қазақтар мен қырғыздар арасына елеулі ықпал жасады деп айтуға болады. Сонымен қатар Түркістан өлкесіне Ресей империясы билігінің орнығуына қарсылық танытқан қазақ және қырғыз өкілдері Жетішаһар аумағына өтіп кетіп, сол жақтан қолдау табуға тырысты деуге негіз бар.

Қорытынды

Жетішаһар мемлекетінің құрылуы Жетісудың жергілікті тұрғындары саналатын қазақтар мен қырғыздар арасына толқу туғызып, олардың Ресей империясының отаршылдық саясатына деген қарсылық көрсетуіне елеулі әсерін тигізді. Өз кезегінде Жетішаһар мемлекетінің билеушісі Жақыпбек Бадаулет Жетісу халықтарын Ресей империясы саясатына әсер ету құралы ретінде де пайдаланып қалуға тырысты. Осындай әсер ету тәсілі арқылы Жетішаһар мемлекетін Ресей империясының ресми түрде мойындатқысы келді. Бірақ та Ресей империясы Жетішаһар мемлекетін ресми мойындағысы келмей, онымен тек сауда-саттық қарым-қатынасын орнатумен шектелді.

Жетісу халықтары арасында Жетішаһар мемлекеті аумағына өтіп кетушілер легі бастапқы кезде қарқынды жүрді. Мұндай жағдай әсіресе Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсылық танытқан қайракерлер арасында ерекше аңғарылды.

Жетішаһар мемлекетіне сүйеніп Ресей империясының отарлық саясатына қарсылық көрсетпек болған қазақ және қырғыз халықтары өкілдерінің үміті Қашғария аумағында Цин империясы билігінің қайта орнауымен сейілді.

References:

Alimbaev J.B. (2009) Obchestvenno-politicheskiy zhizn kirgizov v Rossiiskoi istoriografii vtoroi polovini XVIII – nachala XX vv. [Social and political life of Kyrgyz in the Russian historiography of the second half of the XVIII - early XX centuries]. – Bishkek: KNU them. Zh. Balasagyn, 2009. – 288 p.

Aristov N. (1874) Otnochenie nachy k dunganam, Kachgar i Kuldje [Our relations to the Dungans, Kashgar and Kuldja]. – Sankt-Peterburg: Turkestan Statistical Committee. – 181 p.

Kasimbaev J.K. (1996) Kazakstan – Kitai Karavannya torgovlya v XIX

– nachale XX vv. [Kazakhstan – China: caravan trade in the XIX - early XX centuries] – Almaty: Ulke – 206 p.

Kenesariuli A. (1992) Kenesari jane Sizdik sultandar [Sultans of Kenesary and Syzdyk]. – Almaty: Jalin – 48 p.

KhROMM [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]

Khalid K. (1992) Tauarikh khamsa [Five stories]. – Almaty Khazakstan – 304 p.

Khasanov A. (2004) Izbrannie trudi [Selected Works]. – Bishkek: KNU them. Zh. Balasagyn, 2004. – 253 p.

Kirgiz ROMM [Central State Archives of the Kyrgyz Republic]

Kuropatkin A.N. (1879) Kachgaria [Kashgariya]. – Sankt-Peterburg: Typography M.S. Balasheva – 435 p.

Moiseev S.V. (2006) Vzaimootnochenia Rossii I Uigurskogo gosudarstva Iettichar (1864 – 1877) [Relations between Russia and the Uyghur state Yettishar] (1864 – 1877). – Barnaul: Azbuka – 203 p.

OROMM [Central State Archives of the Republic of Uzbekistan]

Petrov V.I. (2003) Miatejnoe «serdse» Azii [The rebellious «heart» of Asia] Moscow: Kraft – 528 p.

Sbornik (1876) Sbornik statei kasaiychikisia Turkestanskogo kraia A.P. Khorochkina [Collection of articles concerning the Turkestan Krai A.P. Khoroshkina]. – Sankt-Peterburg: Typography Balasheva – 531 p.

FTAMP 03.29.00

Байғалиева А.Ж.¹

²Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
2 курс магистранты

XX ғ. 40-50 ЖЖ. КАВКАЗ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АТЫРАУ (ГУРЬЕВ) ОБЛЫСЫНА ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫ

Мақалада тоталитарлық жүйе салдарынан Кавказ халықтарының Батыс Қазақстанның бұрынғы Гурьев облысына қалай депортацияланғаны сипатталады. Депортацияланған халықтардың облыстың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласуы бірге қарастырылады. Бұл мәселелерді объективті түрде зерттеу қазақстандық қоғамның және жалпыұлттық бірліктің нығаюына негіз болады.

Кеңес үкіметі тұсында халықтарды депортациялау күштеп жүргізіліп, нақты бір этностардың туған жерлерін тастап кетуге мәжбүр еткен саясат жүргізілді. Күштеп жүргізу миграциясы Екінші дүние жүзілік соғыс кезіне дейін-ақ көрініс тапты. Соғыс кезінде сталиндік тәртіптің репрессиясы жалғасты. Соғыстан кейін адамдарды жұмысқа орналастыруға байланысты сандық өзгерістер болды. Соғыстың соңғы жылдарында Солтүстік Кавказ, Грузия, Қырым және Қара теңізден депортацияланған 700 000 адамды

орналастыру оңай болған жоқ. Тұрғын үй жетіспеді. Жаңа жерге ыңғайлану қиын болғандықтан, олар жұмыс орындарында көптеген қиындықты бастан кешірді.

Кілт сөздер: депортация, тоталитаризм, соғыс, атамекен, кавказ халқы, қоныс аудару.

Байғалиева А.Ж.¹

² Магистрант 2 курса Атырауского госуниверситета
им. Х. Досмухамедова

РАССЕЛЕНИЕ КАВКАЗСКИХ НАРОДОВ НА ТЕРРИТОРИЮ АТЫРАУСКОЙ (ГУРЬЕВСКОЙ) ОБЛАСТИ В 40-50 ГГ. XX В.

В статье рассматривается депортация народов Кавказа в Гурьевскую область. Автор анализирует участие депортированных народов на общественно-политическую, экономическую и культурную жизнь региона.

При советской власти депортация народов сыграла значительную роль в проводимой политике, основная цель которой заключалась в том, чтобы силой заставить определенные этносы покинуть родные места. Политика принудительной миграции началась до Второй мировой войны. Во время войны репрессии сталинского режима продолжались. В послевоенные годы произошли существенные изменения в количестве людей из-за их занятости. В последние годы войны трудно было разместить более 700 000 депортированных с Северного Кавказа, Грузии, Крыма и Черного моря. Им не хватило жилья. Из-за их неспособности адаптироваться к новым рабочим местам, они также сталкиваются с трудностями при трудоустройстве.

Ключевые слова: депортация, тоталитаризм, война, родина, кавказские народы, переселение.

Baigaliyeva A.Zh.¹

¹ Master of 2 courses H.Dosmukhamedov Atyrau State University

DISSOLUTION OF CAUCASIAN PEOPLES TO THE TERRITORY OF ATYRAUS (GURYEVSKY) AREA AT 40-50 YEARS OF XX CENTURY

The article deals with the deportation of the peoples of the Caucasus to the Guryev region. The author will analyze the participation of deported peoples in the socio-political, economic and cultural life of the region.

Under Soviet rule, the deportation of peoples played a significant role in the policy pursued, the main purpose of which was to force certain ethnic groups to leave their native places. The policy of forced migration began before the Second World War. During the war, the repressions of the Stalin regime continued. In

the postwar years, there have been significant changes in the number of people because of their employment. In the last years of the war it was difficult to accommodate more than 700,000 deportees from the North Caucasus, Georgia, Crimea and the Black Sea. They did not have enough housing. Because of their inability to adapt to new jobs, they also face difficulties in finding a job.

Key words: deportation, totalitarianism, war, homeland, Caucasian peoples, resettlement.

Кіріспе

Қызыл империяның тоталитарлық режимі кезеңінде 3 миллиондаған адам ғасырлар бойғы атамекендерінен өзге жерлерге мәжбүрі қоныс аударылды. Сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың отанына айналған территориялардың ішінде Қазақстанда бар. Қазақстанға 1 миллион адам қоныс аударылды. Олардың ішінде поляктар, гректер, қырым татарлары, болгарлар, немістер, Кавказ халықтары, қалмақтар, кәрістер және т.б. болды.

Депортацияланған халықтардың мәселелерін тереңірек зерттеу Отан тарихының ақтандақ беттерін аша түседі. Қазақстандағы халықтар депортациясының тарихын зерттеу еліміздегі этнодемографиялық ахуалдарды айқындауға мүмкіндік береді. Қоғамдық қатынастардың демократиялануы нәтижесінде осы осы маңызды тақырыпты зерттеуге арналған басылымдар жарияланды. Дегенмен, депортацияланған халықтардың мәселелерін зерттеу, мазмұнын аша түсу әлі де көптеген еңбектерді қажет етеді.

Тақырыптың өзектілігі депортацияланған халықтардың Атырау облысында (бұрынғы Гурьев) орналастырылу тарихын, мәселелерін зерттеуі болып табылады. Депортацияланған халықтардың облыстың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласуы бірге қарастырылады. Бұл мәселелерді объективті түрде зерттеу қазақстандық қоғамның және жалпыұлттық бірліктің нығаюына негіз болады.

Зерттеулерге шолу

КСРО-дағы халықтарды саяси қуғындау, депортациялау кеңестік заманда жабық тақырып болды. Тек XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап КСРО-дағы демократиялық процестердің басталуы нәтижесінде тарихтағы ақтандақ беттерді зерттеуге мүмкіндіктер пайда бола бастады. Халықтарды жаппай қуғындау тарихын алғаш ресейлік ғалымдар Н.Ф.Бугай, В.Н.Земцов, А.М.Некрасов зерттеді.

Ал тәуелсіздік алғаннан кейін депортацияның құпиялы беттері ашыла түсті. Қазақстандық ғалымдарда бұл тақырыпты зерттеуге қалам тарта бастады. Оның ішінде ғалым, академик М.Қ.Қозыбаев, Алдажұманов Қ.С., Алдажұманов (Қозыбаев М.Қ., Алдажұманов Қ.С. (1998), Алдажұманов Е.Қ. 1997.) зор үлес қосты. Дегенмен, халықтардың Атырау облысына депортациялану жөнінде мәліметтер өте аз. Мұрағаттағы деректерде мардымсыз. Атырау облысына депортацияланған халықтар мәселесіне Ж.У.Көпжасарова, Ж.Қыдыралина зерттеу еңбектерін арнаған.

Ж.У.Көпжасарованың еңбегі кәрістердің Атырау облысында орналасуы, шаруашылыққа араласуы қамтылса, Ж.Қыдыралина ғылыми зерттеу еңбегінде Атырау облысы қатысты мәселелер ішінара қамтылған, бұнда да негізінен кәрістердің мәселесі айтылған.

Зерттеудің негізгі дерек көзі – мұрағат құжаттары мен материалдары. Онда И.В.Сталинге Ішкі Істер Халық Комисары Л.Берияның депортация барысы жөнінде хабарламалары, Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесі және КП(б) Орталық Комитетінің қаулылары, Гурьев Облыстық Атқарушы Комитетінің қаулылары және қамтылған. Автор Қазақстанға депортация нәтижесінде қоныс аударған халықтардың ішінде Солтүстік Кавказ халықтары туралы деректік негіздер ҚХА сайтына қойылған «Қазақстан халқы» интерактивті ғылыми тарихи картаның» 11 картасы және «Қазақстан халқы» бөлімінен алды (Қазақстан халқы Ассамблеясы, 2017).

1944 жыл соғыс Днепрдің келесі жағына ауысып, мемлекеттік шекарадан ары қарай жалғаса бастады. Ал, адамдарға лық толы жолаушы пойыздары эвакуациядан туыстарына қайтып келе жатты. Дегенмен, көпшілігі батыс бағытқа бет алып келе жатты. Себебі соғыс қимылдары енді батыс майданға көшкен еді. Алайда 1943 жылдың аяғы мен 1944 жылдың басында адамдарға лық толы тауар пойыздары шығысқа қарай жөңкіле бастады (Трагедия народов Северного Кавказа ...,1992: 96-128). Осылайша сталиндік-бериялық қуғын-сүргін жоспары бойынша халықтардың тарихын, тілін, әдебиетін құрту үшін кең көлемдегі репрессияның тағы бір кезеңі басталған болатын.

Методология

Мақалада тарихи принциптер, ғылыми объективтілік қолданылды. Тарихи принциптерді қолдана отырып Атырау облысына депортацияланған халықтардың орналасуы, еңбекке тартылуы, қоғамдық-саяси өмірге араласуы туралы зерттеулер жекелей қарастырылып, хронологиялық ізбен жазылды. Сонымен қатар зерттеліп отырған тақырыпты ашуға көмектесетін статистикалық және деректік әдістер қолданылды.

Негізгі бөлім

1944 жылдың 31 қаңтарында Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті шешендер мен ингуштарды Қазақ және Қырғыз КСР-не қоныс аудару туралы қаулыны бекітті. Бұл қаулы өте құпияда ұсталды. 1944 жылдың 21 ақпанында операцияны бастау жөнінде бұйрық түсті. Ал 1944 жылдың 7 наурызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының Шешен-Ингуш АКСР-ін жою жөнінде Жарлығы шықты. 1944 жылдың 20 ақпанында арнайы поездбен Грозныйға КСРО Ішкі Істер Халық Комиссары Берия және қоныс аудару шараларының басшылық құрамының генералдары келіп жетті. КСРО Ішкі Істер Халық Комиссариатының Көлік бөлімі белгіленген уақытқа темір жол эшелондарын дайындап қойды. Қоныс аударылушыларды тасымалдау үшін дәл операцияның уақытында АҚШ-тан ленд-лиз бойынша Иран арқылы Грозныйға келіп жеткен машиналар пайдаланылды (Алдажуманов К.С., 1998: 51-54).

Шешен-ингуш халықтарын көшіру жөніндегі барлық іс-шаралар жөніндегі ақпараттар И.В.Сталинге үнемі жеткізіліп отырды. Бұл операцияны іске асыру үшін 120 мың НКВД-нің әскери қызметкері, соғыс техникалары қатыстырылды. Майданға қажет осыншама күш пен

жабдыктар бейбіт тұрғындарға қарсы қойылды.

Государственный Комитет
Обороны
тов. Сталину И.В.[64]

Подготовка операции по выселению чеченцев и ингушей заканчивается. После уточнения взято на учет подлежащих переселению 459 486 чел., включая проживающих в районах Дагестана.

Учитывая масштабы операции и особенности горных районов, решено выселение провести (включая посадку людей в эшелоны) в течение 8 дней, в пределах которых в первые 3 дня будет закончена операция по всей низменности и предгорным районам и частично по некоторым поселениям горных районов с охватом свыше 300 тыс. человек.

В остальные 4 дня будут проведены выселения по всем горным районам с охватом оставшихся 150 тыс. человек.

17 февраля 1944 г, Л. Берия.

Государственный Комитет
Обороны
тов. Сталину И. В. (Кульбаев Т., 2001: 72)

Для успешного проведения операции по выселению чеченцев и ингушей после Ваших указаний в дополнение к чекистско-войсковым мероприятиям проведено следующее:

1. Было доложено председателю СНК Чечено-Ингушской АССР Молаеву о решении правительства о выселении чеченцев и ингушей и о мотивах, которые легли в основу этого решения. Молаев после моего сообщения прослезился, но взял себя в руки и обещал выполнить все задания, которые ему будут даны в связи с выселением.

...40 республиканских партийных и советских работников из чеченцев и ингушей нами прикреплены к 24 районам с задачей подобрать из местного актива по каждому населенному пункту 2-3 человека для агитации.

...Выселение начинается с рассвета 23 февраля с.г., предполагалось оцепить районы, чтобы воспрепятствовать выходу населения за территорию населенных пунктов. Население будет приглашено на сход, часть схода будет опущена для сбора вещей, а остальная часть будет разоружена и доставлена к местам погрузки. Считаю, что операция по выселению чеченцев и ингушей будет проведена успешно.

22 февраля 1944 г. Л. Берия.

1944 жылдың 23, ақпанында, таңертеңгі сағат 5-те, «Қызыл Армия» күнінде, ингуш пен шешендердің үйлеріне қолында мылтық, автоматы бес қаруы сай сарбаздар мен офицерлер баса көктеп кіріп мәжбүрлі көшіру жұмыстарын бастады. Олар қатты зекіп, ал кейде дене күшін қолданып, балалар мен әйелдерді, қарт адамдарды оятып, далаға шығара бастады. Адамдарды мешіттер мен мектептерге бақшаларға жинастырып, қасында автомат пен пулеметі бар мұздай қаруланған қарауылдарды қойды. ІХК жасақшылары аз ғана қарсылық білдіргендерді атуға даяр тұрды. Офицерлер таулықтарды халыққа опасыздық жасағандар мен халық жаулары

деп танылатынын және Кеңес үкімет қаулысы бойынша ортаазиялық республикаларға (Қазақстан, Қырғызстанға) мәңгі қоныстандыруға жіберетінін мәлімдеді.

Жолаушыларды тасымалдауға арналмаған вагондарға адамдарды малша айдап кіргізді. КСРО ПХК-ның мәліметтері бойынша 180 эшелон жіберілген, ингуш пен шешен ұлттарының 493 269 өкілі осындай эшалондарда қоныс аударған (Алдажуманов К.С., 1998: 251). Жетуге жолы қиын аудандарды (Хайбах, Таргим, Цори, Гүлім, Монкара) тұрғындарын не өртеп, не атып тастаған екен.

Адамдар тиелген вагондарда сәкі, пештер аз болды, тесіктерден жел соғып тұрды. Сәкілері бар жерге қарттар мен ауру адамдарды орналастырды. Әйелдер мен балалар еденде отырды. Жастар тұрып, бір-біріне сүйеніп жүрді. Аялдамаларды, тек қана вагондарды мәйіттерден тазалау үшін пайдаланды. Ауыл шетінде, жолдардың қасында пойыздан түсіп қалған өліктер жататын.

Осы кезде қала мен ауылдарда жаппай қарақшылық басталды. Барлығы ұрланды: мал, кілемдер, киім, қанжарлар, кітаптар, тарихи мен отбасылық жәдігерлер, суреттерде соның ішінде кетсе керек. XIV мен XVIII ғасырлардағы ескерткіштер тоналды: тұрғын мен әскери мұнаралар, шіркеулер, сағаналардың түгі қалмады.

Қоныс аударылуды басынан өткергендердің естеліктері бойынша көшіру былайша өткен еді. 23 ақпанда барлық ер азаматтарды Қызыл Армияның құрметіне орай салтанатты жиналыс түрінде клубтарға жинады, нақ сол уақытта солдаттармен қоршап алды. Ер азаматтар қарусыздандырылды, себебі ол кезде олар өздерімен бірге қанжарларын алып жүретін. Үйлеріне автомашиналар жіберілді, бірақ көпшілігіне жаяу-жалпы «эвакуациялануына» тура келді. Әйелдерге, қарттарға, балаларға, ауруларға жиналу үшін екі-ақ сағат берілді. Ассыз, сусыз, жалаңаш-жайдақ, қолдарын ұстап үлгерген заттарымен жөнелтті. Темір жол станцияларына алып барып жүк пойыздарына тиеді. Аңызға айналған көшудің өту көрінісін деректі киноларға да түсіріп алды.... Қоныс аударылушылар қыстың сұрапыл аязында, аузы-мұрына дейін толған жүк вагондарында сусыз, жарықсыз айға жуық уақыт бойы қарауылдардың бақылауымен өздеріне бейтаныс жерге сапар шекті. Көпшілігі ауыр жолды көтере алмай қайтыс болды. Қайтыс болғандар қысқа тоқталыстардың уақытында күңіренген елсіз разъездерде, бекеттерде пойыздардың жанына жерленді.

Шешен-ингуш халқын депортациялау барысы, қанша адам көшірілгендігі жөнінде мұрағаттарда төмендегідей құжаттар кездесті (Кульбаев Т., 2002: 85-91):

Государственный Комитет
Обороны
тов. Сталину И. В.

Докладываю о ходе операции по выселению чеченцев и ингушей. На утро 24 февраля вывезено из населенных пунктов 338 тыс. 739 чел., из этого числа погружено в железнодорожные эшелоны 176 тыс. 950 чел. Во второй половине дня 23 февраля почти во всех районах Чечено-Ингушетии выпал обильный снег, в связи с чем создались затруднения в перевозке людей, особенно

в горных районах.

24 февраля 1944 г. Л. Берия.

Шешен-ингуш халқын осылайша атамекендерінен мәжбүрлеп айыруға не себеп болды? Ең алдымен, «шешендер, ингуштер ерікті жасақтарға қатысып, фашисттерге көмектесіп жүрген» деген қате пікір болды. Ингуштар мен шешендерден тұратын ешқандай қарулы жасақтар болмаған. Оның үстінде Шешен-Ингушетия аумағы жау басқынында болған да жоқ. Бәлкім, мұнда қылмыстық ойлар да болған шығар. Дегенмен, қандай халықта осындай ойлар жоқ? Және-де олар өз қылмыстарын халқының мүддесіне сәйкес емес, керісінше, жұртқа қарсы әрекет етті.

Шешен-ингуш халқының ерлері майданға қатысып, жаулармен соғысып жүрді. Отанды қорғап, мыңдаған адамдар қаза болды. Мыңдаған адамдар орден мен медальдермен марапатталды. Ал соғыс майдандарында ерекше көзге түскендер жоғары мемлекеттік марапатқа - Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Ханпаша Нұрадiлова, Ыбрайхан Бейбулатов, Абухаджи Идрисов, Хасболат Дачиев мен басқалар осындай жоғары атақты алды. Шешен мен ингуштердің арасында Кеңес Одағының батыры деген атағын алғандардың саны жайында көптеген пікірлер бар. И. П. Рыбкин Ресей Федерациясы қауіпсіздігінің хатшысы болып, «соғыстың аяғында Кеңес Одағының 56 батырын» көрсетті (Алдажуманов К., 1998: 272-292). Осы сан «Мен -ингуш, мен — шешемін» деп айтқандардың ішінде ғана есептелген. Дегенмен, 1942 жылдың наурыз айында шыққан Сталиннің № 6362 құпиялы қаулысын білетіндер өздерін басқа ұлт өкілі ретінде көрсеткен, өйткені олар шешендер мен ингуштер жасаған ерлік түрі марапатталмайтыны туралы біліп қойса керек.

Ішкі Істер Халық Комиссариатының «Чечевица» деген құпия атты (депортацияланған халықтың бірінші әріптерінің дыбысталуынан алынған) Шешен-Ингушетияның жарты миллиондай тұрғынын көшіру операциясы 1944 жылдың 23 ақпанынан 29 ақпанына дейінгі аралықта жүзеге асырылды. Осы жеті күннің ішінде туған жерінен 478479 мың адам (оның 91 250-і ингуш) ғасырлар бойғы атамекендерінен өзге жерге көшірілді. 180 темір жол эшелонына тиеліп Қазақстан мен Қырғызстандағы жаңа қоныстарына жөнелтілді.

Государственный Комитет
Обороны
тов. Сталину И. В.

Докладываю об итогах операции по выселению чеченцев и ингушей.

С 23 февраля по 29 февраля выселены и погружены в железнодорожные эшелоны 478 479 человек, в том числе 91250 ингушей. Погружено 180 эшелонов, из которых 159 эшелонов уже отправлены к месту нового поселения.

...Проводится проческа и лесных районов, где временно оставлено до гарнизона войск НКВД и опергруппа чекистов. За время подготовки и проведения операции арестовано 2016 человек антисоветского элемента из числа чеченцев и ингушей. Изъято огнестрельного оружия 20 072 единицы, в том числе винтовок 4868, пулеметов и автоматов 479.

1 марта 1944 г. Л. Берия

1944 жылдың 14-наурызында Берия Сталиннің алдында шешен және ингуштарды, басқа да халықтарды көшіру операциясы сәтті өткендігін баяндады және осы қызметі үшін мемлекеттік марапат – Суворов орденімен марапатталды.

Мұрағат деректері бойынша 1945 жылдың қазан айында Қазақстанға 406375 шешен мен ингуш орналастырылған (Галиев Т.У., 2008: 517-520).

Жер аударылғаннан алғашқы жылдарда жаңа климаттық жағдайларға бейімделмеген, өмір сүруге қаржы болмаған шешен-ингуш халқының өкілдері ауру мен аштықтан өліп жатты. Этнос ретінде жойылып кету қатері пайда болды.

Қазақстанға 406375 шешен және ингуш орналастырылды. Оларды азғана топтармен әр жерге, Ақтөбе, Қызылорда, Ақмола, Алматы, Семей облыстарына жайғастырды.

Гурьев облысында қоныс аударылушылардың аз ғана бөлігі, 18 отбасы (422 адам) «Қазақстанмұнайкомбинат» бірлестігі жүйесіне, Доссор, Байшонас, Сағыз, Шұбаркүдык, Қосшағыл, Қаратон және басқа да кәсіпшіліктеріне сонымен қатар «Қазақмұнайқұрылыс» тресінің әр түрлі нысандарына жұмысқа орналастырылды.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының территориясы Солтүстік, Сібір және Орал аймақтарымен бірге миллиондаған КСРО халықтарының жер аударылатын орны ретінде таңдап алынды.

Солтүстік Кавказдан қоныс аударылғандардың дәстүрлі өмір сүру салты бұзылды, климат дағдылы климаттық ерекшеліктерден өзгеше еді. Солтүстік-Кавказдықтар жергілікті жерге қиыншылықпен бейімделді. Қоныс аударылушылардың шамамен үштен бірі қайтыс болды.

Кеңес Одағының батыры атағын беруге лайықты ондаған жауынгерлер (вайнах халқының өкілдері) атақсыз қалған. Джабраил Кортоев, Жапон Абдиев, Ахмет Албақов, Балто Амиров екі рет ұсынылған, ал Абдулла Цороев, Али Ибрагимов, Маташ Мазаев, Зайнди Халидов, Абдул-Кахиру Шабуев, Дуда Энгиноев, Жамалдин Ғайрбеков пен көптеген басқаларға да осы атақ берілген жоқ. 1990 жылдың мамыр айында ғана Мовлид Висаитов Ресей Одағының батыры, ал Мурад Озоев, Руслан Гудантов, Ахмет Мальсагов, Ширвани Костоев, Магомед Узуев, Даша Акаев, Канта Абдурахманов, Мовлади Умаров Ресей батырлары деп атанды. КСРО ыдырағанынан кейін Руслан Аушев, Суламбек Осканов жоғары атаққа ие болды, ал Юнус-Бек Евкуров Ингушетия Республикасының батыры болып атанды, Рамзан Қадыров —Шешен Республикасының батыры болып атанды.

Кеңес Одағындағы сталиндік тоталитарлық жүйедегі жаппай қуғын-сүргін кезеңіндегі негізсіз жазалау шаралары тек жекелеген адамдарға, дін иелеріне, әр түрлі әлеуметтік топтардың өкілдеріне ғана емес, сондай-ақ ұжымдық жауапкершілік ұстанымы бойынша жекелеген халықтарға да қарсы қолданылды. Ол жөнінде 1993 жылы 14 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңында көрсетілді. Жекелеген халықтарға мемлекет тарапынан әр түрлі қысымдар қолданылды: күштеп қоныс аудару; арнайы қоныстарға орналастыру; күштеп жұмыс істету арқылы құқықтарын

шектеу; ұлттық ерекшеліктері жағынан мемлекетке өте қауіпті, «сенімсіз халықтар» деп тану.

Зорлықпен көшірілген халықтар Қазақ өлкесінен пана тауып қана қойған жоқ, бастарынан қиыншылықтарды бастан өткізе отырып, өздері және ұрпақтары үшін екінші Отанын тапты. Олар ездерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалды, көпұлтты Қазақ өлкесінен өзіне лайықты орын тапты.

Атырау облысында түрлі ұлттардың мәдени орталықтары жұмыс істеуде. Олар: Неміс ЭМБ «Видергебурт», Кәріс ЭМБ «Тхоньил», Болгар ЭМБ «Возрождение», Еврей ЭМБ «Алия», Әзірбайжан, ЭМБ «Новруз», Шешен-ингуш ЭМБ «Вайнах», Татар-башқұрт ЭМБ «Татулық», Дағыстан ЭМБ «Салам», Орыс ЭМБ «Былина», Грузин ЭМБ «Иверия», Украин ЭМБ «Довіра» және «Қазақстан ұйғырларының республикалық мәдениет орталығы» облыстық филиалы.

Әдебиеттер:

Алдажуманов К. (1998). Чужого горя не бывает: [О расселении спецпереселенцев с Северного Кавказа].- Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы/ Сост. Г.Анес.- Алматы.

Алдажуманов К.С. (1998). Ингушы и чеченцы: в памяти остается все.- Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы/ Сост. Г.Анес.- Алматы.

Алдажуманов К. Ингушы и чеченцы: в памяти остается все.- Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; Сост. Г.Анес; // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы/ Сост. Г.Анес.- Алматы, 1998.- с. 251-264

Атырау облыстық мұрағаты. Ф.855, Оп 1, Д. 224

Атырау облыстық мұрағаты. Ф.855, Оп 1, Д. 221

Галиев Т.У. (2008). Депортация и размещение чечено-ингушского населения на территории Республики Казахстан. Под общ. ред. М.А.Аюбаева // Пенитенциарная система Казахстана и ее соответствие международным стандартам: Материалы междунар. науч.-практ. конф. (31 окт. 2008 г.). Костанай.

Кульбаев Т. (2001). Депортация: [О насильств. депортации народов в 30-40-е годы] // Фемида. № 5.

Кульбаев Т.(2002). Необъявленная война народу: [История депортации] // Мысль. №1.

Қазақстан халқы Ассамблеясы (2017). Интерактивная научная историческая карта «Народ Казахстана». 11 карта в разделах «Интерактивная карта» и «Народ Казахстана» // [http:// assembly.kz/](http://assembly.kz/)

Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. (1997). Депортация народов-преступление тоталитарного режима. Алматы.

Трагедия народов Северного Кавказа: карачаевцы, чеченцы, ингуши, балкарцы. (1992). Вступ. ст., сост. и послесловие Н.Ф.Бугая // Иосиф Сталин - Лаврентий Берии: «Их надо депортировать...»: Документы, факты, комментарии/ Вступ. ст., сост. и послесловие Н.Ф.Бугая. Москва.

Уралов А.С. (2003). Народоубийство - убийство чечено-ингушского народа. Москва.

References:

Aldajumanov K. (1998). Chujogo goria ne byvaet: [O rasselenii spetspereselentsev s Severnogo Kavkaza].- Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; // Deportirovannye v Kazahstan narody: vremia i sudby/ Sost. G.Anes.- Almaty.

Aldajumanov K.S. (1998). Ingushy i chechentsy: v pamiati ostaetsia vse.- Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; // Deportirovannye v Kazahstan narody: vremia i sɔdby/ Sost. G.Anes.- Almaty.

Aldajumanov K. Ingushy i chechentsy: v pamiati ostaetsia vse.- Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; Sost. G.Anes; // Deportirovannye v Kazahstan narody: vremia i sudby/ Sost. G.Anes.- Almaty, 1998.- c. 251-264

Atyrau oblystyq muragaty. F.855, Op 1, D. 224

Atyrau oblystyq muragaty. F.855, Op 1, D. 221

Galiev T.Y. (2008). Deportatsiia i razmeenie checheno-ingushskogo naseleniia na territorii Respubliki Kazahstan. Pod ob. red. M.A.Aiybaeva // Penitentsiarnaia sistema Kazahstana i ee sootvetstvie mejdunarodnym standartam: Materialy mejdunar. nauch.-prakt. konf. (31 okt. 2008 g.). Kostanai.

Kɔlbaev T. (2001). Deportatsiia: [O nasilstv. deportatsii narodov v 30-40-e gody] // Femida. № 5.

Kulbaev T.(2002). Neobiavlennaiia voia narody: [Istoriiia deportatsii] // Mysl. №1.

Qazaqstan halqy Assambleiasy (2017). Interaktivnaia nauchnaia istoricheskaia karta «Narod Kazahstana». 11 karta v razdelah «Interaktivnaia karta» i «Narod Kazahstana» // [http:// assembly.kz/](http://assembly.kz/)

Kozybaev M.K., Aldajumanov K.S., Aldajumanov E.K. (1997). Deportatsiia narodov-prestuplenie totalitarnogo rejuma. Almaty.

Tragediia narodov Severnogo Kavkaza: karachaevtsy, chechentsy, ingushy, balkartsy. (1992). Vstup. st., sost. i posleslovie N.F.Bugaia // Iosif Stalin - Lavrentiiɔ Beri: “Ih nado deportirovat...”: Dokumenty, fakty, kommentarii/ Vstup. st., sost. i posleslovie N.F.Bugaia. Moskva.

Yralov A.S. (2003). Narodɔubiystvo - ubiistvo checheno-ingushskogo naroda. Moskva.

**Мазмұны
Содержание
Contents**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDY AND HISTORIOGRAPHY**

Tulibayeva zh. M. MANUSCRIPT SOURCES ON THE HISTORY OF RELATIONSHIPS OF KAZAKHS AND THE KHANATE OF KHIVA.....	3
A.S. Beysenova S.K. Uteniyazov CH.CH. VALIKHANOV, AN OUTSTANDING SCHOLAR OF THE TURKIC PEOPLES.....	12
Танатарова Ж.Т. Г.Н. ПОТАНИН ЖӘНЕ МҮСА ШОРМАНОВ.....	22
А.С. Жанбосинова Я, БЫЛ ЛЕГИОНЕРОМ.....	37

**САЯСИ ТАРИХ
ПОЛИТИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
POLITICAL HISTORY**

Қабылдинов З.Е. THE ABOLITION OF KHAN POWER IN KAZAKHSTAN.....	51
Шамшиденова Ф.М. SIBERIAN FRONTIER IN THE LATE XVI - FIRST QUARTER OF THE XVII CENTURIES.....	66
З.Ж. Марданова С.Н. Мамытова FORCED MIGRATION IN KAZAKHSTAN IN THE FIRST HALF OF THE XX-TH CENTURY: MAIN TENDENCIES AND CONSEQUENCES.....	76

**ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL-ECONOMIC HISTORY**

Бегалиева А.К., Амирханов М.Б., Айтуарова Б.М. УПРАВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫМ ПРОМЫШЛЕННЫМ СЕКТОРОМ ЭКОНОМИКИ В 20-Е ГОДЫ XX В.....	83
Тилеубергенов Е.М. FEATURES OF THE USE OF INNOVATIVE METHODS IN THE CLASSROOM TEACHING OF HISTORY IN UNIVERSITIES.....	98

Нуртазина Н.Д., Сабыргалиева Н.Б. «ПОВЕРХНОСТНЫЙ» ИСЛАМ? К ДИСКУССИИ О РЕЛИГИОЗНОЙ ИДЕНТИФИКАЦИИ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО ОБЩЕСТВА XVI-XIX ВВ.....	106
--	-----

**АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ
ARCHEOLOGY AND ETHNOLOGY**

Айман Досымбаева, Алан және Михаил Бондаревтер TURKIC SACRAL SITES OF THE KAZAKHSTAN.....	125
---	-----

Тұрғынбаев Е.М., Қайратұлы Р. ACTIVITY OF THE MUSEUM “THE MONUMENTS OF ANCIENT TARAZ” IN THE SPHERE OF CULTURAL TOURISM.....	138
---	-----

Тургунбаев Е.М. БАШКИРСКИЕ ШЕЖЕРЕ В РАБОТАХ Р.Г. КУЗЕЕВА.....	144
---	-----

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
THE RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS**

Tuleshova Ulzhan NOMADIC NOBILITY: THE ENTRY OF KAZAKHS INTO A PRIVILEGED ESTATE OF THE RUSSIAN EMPIRE.....	154
--	-----

Kubeyev R.D. Murzakhodzhaev K.M. ON SOME MATTERS OF JADIDIST EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF TRADITIONALISM AND MODERNISM CORRELATION.....	165
---	-----

Б.У. Маликов БОЛЫСТЫҚ БИЛЕУШІДЕН БОЛЫСТЫҚ КОМИССАРҒА ДЕЙІНГІ ЖЕРГІЛІКТІ ӘКІМШІЛІК БІЛІК.....	181
---	-----

Чаргынова Г.О. ЖЕТІШАҒАР МЕМЛЕКЕТІ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ ХАЛЫҚТАРЫ: ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ ТАРИХЫНАН (1865 – 1877 ЖЖ.).....	192
--	-----

Байғалиева А.Ж. XX Ғ. 40-50 ЖЖ. КАВКАЗ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АТЫРАУ (ГУРЬЕВ) ОБЛЫСЫНА ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫ.....	204
---	-----

Басуға 16.03.2018 қол қойылды

Шартты баспа табағы - 13

Офсеттік басылым

Таралымы 160 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды

Редакцияның мекен-жайы:
051000, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28